



Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ
ИНСТИТУТЫ



ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ

ЖАСТАРДЫ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАП ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

тақырыбындағы талдау баяндамасы

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ СИСТЕМЫ ЦЕННОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ

аналитический доклад

АСТАНА, 2024

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ

**ЖАСТАРДЫ ҚҰНДЫЛЫҚҚА
БАҒДАРЛАП ОҚЫТУ МЕН
ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ**

тақырыбындағы талдау баяндамасы

Астана, 2024

УДК 37.018
ББК 74.200
К21



«Жастарды құндылыққа бағдарлап оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің тұжырымдамалық негізі» тақырыбындағы талдау баяндамасы.

Авторы: Каратабанов Р.А.
Рецензент: Кантарбаева Ж.У.
Жобаны құрастырушылар: Тасым Р.Б., Кунтуова И.М.

ISBN 978-601-08-4695-1

К21 «Жастарды құндылыққа бағдарлап оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің тұжырымдамалық негізі» тақырыбындағы талдау баяндамасы /Астана, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ, 2024. – 100 б.

Талдау баяндамасында құндылық бағдары мен олардың қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуындағы рөлін қалыптастыру тәсілдері жан-жақты талданған. Жастарды тәрбиелеудің Ұлттық құрылтайда талқыланған басты қағидаттарына, оның ішінде азаматтық жауапкершілікке, патриоттыққа және мәдени мұраны құрметтеуге баса назар аударылған.

Баяндамада өзекті деректер, атап айтқанда, әлеуметтанулық зерттеулер мен сарапшылардан алынған сұхбаттардың нәтижелері және білім беруге қатысты қазіргі заманғы бастамаларды талдау негізге алынды.

Баяндама білім беру мен тәрбиелеу саласының мамандарына, мемлекеттік қызметшілерге, саясаткерлерге, сондай-ақ Қазақстан жастары арасында ұлттық құндылықтардың дамуы мен нығаюына мүдделі барлық азаматтарға арналған.

УДК 37.018
ББК 74.200

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3

1 -ТАРАУ.
ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕМДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІ 6

2 -ТАРАУ.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ 20

3 -ТАРАУ.
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА
ИНКОРПОРАЦИЯЛАНУЫН ТАЛДАУ
(ЖАППАЙ ЖӘНЕ ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН САУАЛНАМА АРҚЫЛЫ) 24

ҚОРЫТЫНДЫ 34



КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзекті болып отырған себебі – қазіргі жаһандану және мәдени алуандық жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау және нығайтудың ерекше талапқа айналуы.

Жаһандық трендтерге де, жергілікті мәдениеттердің дәстүрлеріне де тез еріп кететін топ – жастар. Олардың дүниетанымының дұрыс қалыптасуына, патриоттыққа, жауапкершілікке және басқа да маңызды тұлғалық қасиеттерге баулуда ұлттық құндылықтар басты рөл ойнайды. Жастарды ұлттың түп-тамырын құрметтеуге баулуда, азаматтық сананы дамытуда және елдің болашағы үшін жауапкершілік сезімін оятуда ұлттық құндылықтар негізіндегі тәрбиенің стратегиялық маңызы зор.

Шварц, Инглхарт және өзге де зерттеушілердің теориялары әмбебап және жергілікті құндылықтарды синтездеу қажеттігін көрсетеді. Бұл нақты бір қоғамның ерекшеліктерін тиімді ескеруге мүмкіндік береді. Құндылыққа негізделген білім берудің азаматтық сананы дамыту мен жауапкершілік, толеранттық және патриоттық сияқты тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру құралы ретіндегі маңызына ерекше көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар, қазіргі қалыптасып отырған жағдайда, әсіресе технологиялық прогресс пен ақпараттың молдығын ескере келе, құндылықтарды беру процесін барынша тиімді қылу үшін тәрбиелеу әдістері мен оларды берудің тәсілдерін жаңғырту қажет. Сол себепті Қазақстан жастарын тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды инкорпорациялаудың пәрменді тәсілдерін іздеу ерекше қажеттілікке ие.

Зерттеудің мақсаты

Осы зерттеудің мақсаты – тәрбие процесіне ұлттық құндылықтарды енгізудің әдіс-тәсілдерін әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері

Мақсатқа жету төмендегі міндеттерді шешуді талап етеді:

- құндылықтарды зерттеудің теориялық негіздерін және оларды жіктеу тәсілдерін анықтау;
- жастарды құндылықтарға баулудың әлемдік тәжірибесін зерделеу және Қазақстанда қолдануға келетін озық тәжірибелерді айқындау;
- Қазақстандағы білім берудің мазмұнын оған ұлттық құндылықтардың инкорпорациялануы тұрғысынан талдау;
- жаппай және тереңдетілген сауалнама жүргізу арқылы жастардың ұлттық құндылықтарды қабылдауын зерттеу;
- ұрпақтар арасындағы өзара байланыс мәселелерін құндылықтардың берілуі тұрғысынан қарап, мәселелерді анықтау;
- жастарды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды инкорпорациялауға қатысты ұсынымдар беру.

Қазақстанда тәрбие процесін жаңғырту жұмысы қиындықтарға қарамастан, белсенді жүргізіліп келеді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – құндылықтардың негізінде ұлттық сана мен бірлікті қалыптастыруға бағытталған басты құрал.

Зерттеу нәтижелері растағандай, ұлттық құндылықтарды білім беру бағдарламаларына жүйелі түрде енгізуге ерекше мән беріліп отыр. 2024 жылғы қазан айында Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген, 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қалада тұратын 1200 респондентті қамтыған жаппай сауалнама мен тереңдетілген сұхбаттар (сұхбат алынғандардың 13-і Ұлттық құрылтай мүшелері) аясында қазақстандық жастардың ұлттық құндылықтарды қабылдау деңгейі өте жоғары екені анықталды. Алайда алынған нәтижелер оларды өскелең ұрпақтың бойына сіңірудің жаңа, заманауи тәсілдерін табу және тәрбие процесін жаңа заманның ыңғайына бейімдеу қажеттігін де көрсетіп берді.

Бұл баяндама қазіргі ахуалды және анықталған деректерді ескере отырып, Қазақстандағы тәрбие жұмысын жетілдіруге қатысты ұсынымдарды да қамтиды.

1. ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕМДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІ

1.1 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘСІЛДЕРІ

«Құндылық» дегеніміз – көпжақты ұғым. Оны философия, аксиология, психология, әлеуметтану, экономика, педагогика секілді әртүрлі пәндер зерттейді.

Философиялық тұрғыдан құндылықтар қоршаған әлемдегі объектілердің адам, әлеуметтік топ және жалпы қоғам үшін маңызы немесе мәні ретінде қаралады. Олар екі аспектіде: біріншіден, кез келген нәрсенің экзистенциалдық сипаттарына (*объективті құндылықтар*) қарамастан, жағымды немесе жағымсыз мәні ретінде, екіншіден, қоғамдық сананың (*субъективті құндылықтар*) нормативтік (*бағалаушы*) аспектісі ретінде қаралады. Құндылықтардың мұндай қос түрлі болмысы бізге өз өміріміздің, өз қоғамымыздың сан түрлі аспектілерін қалай бағалап жүргенімізді және қайсына басымдық беретінімізді түсінуге көмектеседі.

Рокичтің пікірінше, құндылықтар – бұл адамның немесе қоғамның белгілі бір мінез-құлықты немесе өмір сүру қалпын дұрыс деп санап, оған басымдық беруі¹. Бұл құндылықтардың нормативтік функцияны орындайтынын және ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін анықтауда басшылыққа алынатын принциптер бола алатынын көрсетеді.

Психологияда құндылықтар тұлғаның жеке мотивтері мен жеке қасиеттері жағынан қарастырылады. Шалом Х. Шварцтың айтуынша, құндылықтар – бұл адамның қалаған мақсатына немесе әрекетіне байланысты сенімдер. Олар

нақты жағдайларға тәуелді емес және адамның мінез-құлқы мен оқиғаларды таңдауына немесе бағалауына бағыт береді². Бұл жеке пікірлерді біршама ауқымды қоғамдық нормалармен байланыстыра отырып, құндылықтардың әртүрлі мәнмәтіндегі іс-әрекеттерге және таңдау әсеріне назар аудартады.

Әлеуметтану тұрғысынан алғанда, құндылықтар қоғам мен мәдениет шеңберінде қарастырылады. «Құндылықтар» ұғымын және оларды зерттеу әдісін алғаш М. Вебер енгізген. Ол адамның құндылыққа негізделген әрекеттері әрдайым қоғамның ережелері мен талаптарына сай болатынын айтқан. Яғни, жеке тұлға осы ережелерді сақтап және ұстану қажеттігін меңзейді³.

Э. Дюркгейм құндылықтар қоғамның ортақ пікірлері мен нормаларының ұжымдық көрінісі екендігін айтады. Оның пікірінше, құндылықтар жай ғана жеке құрылымдар емес, әлеуметтік құрылымға етене еніп, топтық мінез-құлық пен ұйымшылдықты қалыптастырады. Бұл анықтама құндылықтардың ұжымдық аспектісінің әлеуметтік тәртіп үшін қажет екенін көрсетеді⁴.

Экономикалық жағынан құндылықтар көбінесе ресурстарды бөлу және тұтынушылардың мінез-құлқы жағынан шешімдерді қабылдау процестерімен байланысты. А. Сенаның пікірінше, құндылықтар нарық қатысушыларының мінез-құлқына ғана емес, адамдар мен жалпы қоғамның әл-ауқатына ықпал етеді⁵.

Қорыта келе «құндылық» ұғымының бірқатар түсініктемесі бар деуге болады, олар оның әртүрлі

зерттеу салаларындағы күрделілігі мен маңызын көрсетеді. Құндылықтар жетекші ұстанымдар немесе сенімдер деп танылғандықтан, оған анықтама берудің жоғарыда келтірілген тәсілдері бір-бірімен ұқсас. Бірақ жеке және ұжымдық перспективаларға мән беруі жағынан, сондай-ақ мінез-құлыққа тигізген әсері жағынан өзгешеленеді. Философиялық анықтама реттеуші сенімдерге баса назар аударса, психологиялық анықтама жеке мотивке шоғырланған. Әлеуметтанулық анықтама әлеуметтік интеграциялауды, экономикалық анықтама құндылықтарды шешім қабылдау процесімен байланыстырады.

Ұсынылған барлық анықтамадағы «құндылық» ұғымын айқындап тұрған ақпараттық өзек мынадай негізгі аспектіден тұрады: құндылықтар жеке тұлға мен қоғамдастықтың мінез-құлқы мен шешімін айқындайтын негізгі ұғымды білдіреді; олар моральдық компас пен әлеуметтік нормаларды қалыптастыра келе, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айқындауға қажетті бағдар болады; құндылықтар адамдар арасындағы қарым-қатынастарға әсер етіп, құрмет, жауапкершілік және жанашырлық сезімдерін тудырады, және бұл қоғамда үйлесімдікте өмір сүру үшін маңызды; құндылықтар мәдени, тарихи және әлеуметтік тұрғыда өзгеріп отырады.

1.2 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖІКТЕУ

Біздің шешімдеріміз бен мінез-құлқымыздың қалыптасуында құндылықтар шешуші рөл

атқарады. Білім беруде құндылықтардың жіктелуін түсіну маңызды. Бұл қандай құндылықтарды іріктеп алып, білім беру мазмұнына, оқыту қызметі мен білім беру ортасын ұйымдастыруға мемлекеттердің императивтері, қоғамның талаптары, ата-аналардың сұраныстары мен білім алушылардың қажеттіліктері тұрғысынан тиімді кіріктіруге болатынын айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай фактор оларды зерттеу және жіктеу қажеттігін білдіреді. Бұл бөлімде құндылықтарды жіктеудің Милтон Рокич, Шалом Шварц, Герт Хофстеде, Рональд Инглхарт ұсынған түрлі тәсілдері, сондай-ақ ресейлік зерттеушілер Бубнова мен Сытин жүргізген зерттеулер қарастырылады.

Рокич бойынша жіктеу. Құндылықтарды жіктеудің ең танымалы – Рокичтің терминалдық және инструменталды құндылықтары. 1973 жылы Милтон Рокич «Құндылықтар туралы сауалнама» жасап шығарған болатын. Сол сауалнама кеңінен құпталып, күні бүгінге дейін көптеген зерттеулердің құралы ретінде қолданылып келеді. Рокич құндылықтардың екі жиынтығын қамтитын тізімді ұсынды (*1-кестені қараңыз*). Олар – терминалдық құндылықтар (*адам қалауындағы және соңғы болмысына қатысты; адам өмір бойы қол жеткізуді қалайтын және әртүрлі мәдениеттердегі топтар арасында өзгешеленуі мүмкін мақсаттар*) мен инструменталды құндылықтар (*қолайлы мінез-құлық тәсілдеріне; терминалдық құндылықтар құралдарына қатысты*)⁶.

1-кесте. Терминалдық және инструменталды құндылықтар тізімі (Рокич).

Терминалдық құндылықтар (соңғы ахуалдар)	
Әлеуметтік (басқаларға мән беру)	Жеке (өзіңе мән беру)
әлемдегі бейбітшілік	жайлы өмір
сұлулық әлемі	қызықты өмір
теңдік	парыз өтелгендегі сезім
отбасы қауіпсіздігі	бақыт
еркіндік	ішкі гармония
саналы махаббат	ләззат
ұлттық қауіпсіздік	құтқару
әлеуметтік тұрғыдан мойындалу	өзін-өзі құрметтеу
шынайы достық	даналық

¹ Rokeach, M. (1973). The nature of human values. Free Press.

² Schwartz, S. H. (1992). Universals in the content and structure of values: Theory and empirical tests in 20 countries. In M. P. Zanna (Ed.), Advances in experimental social psychology (Vol. 25, pp. 1-65). Academic Press. [https://doi.org/10.1016/S0065-2601\(08\)60281-6](https://doi.org/10.1016/S0065-2601(08)60281-6)

³ Ивашечкина Д. Е. Э. Дюркгейм мен Б. Малиновский еңбектеріндегі құндылық және діни ұстаным ұғымдары, https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/78219/1/978-5-88687-251-4_14.pdf

⁴ Durkheim, E. (1912). The elementary forms of religious life. Free Press.

⁵ Sen, A. (1999). Development as freedom. Knopf.

⁶ Rokeach's instrumental and terminal values as descriptors of modern organisation values https://ijol.cikd.ca/article_60252_90b42e89badceb3ac0fced9be18d962.pdf

жалғасы


Терминалдық құндылықтар (соңғы ахуалдар)	
Инструменталды құндылықтар (мінез-құлық)	
Моральдық (моральға және өзара қарым-қатынастарға мән беру)	Құзыреттер (құзыреттерге мән беру)
дүниетанымның кеңдігі	өршілдік
кешірім	қабілеттер
пайдалылық	тазалық
адалдық	батылдық
махаббат	қиял
көңілділік	тәуелсіздік
мойынсұну	интеллект
сыпайылық	логика
жауапкершілік	өзін-өзі бақылау

Рокич құндылықтардың екі тобында да иерархия бар (*құндылықтар реттелген*) деп тұжырымдады және осылайша жеке тұлғаның құндылықтар жүйесін екі тізім түрінде ұсынды. Рокич құндылықтар мен ұстанымдардың айырмашылығын былай түсіндіреді: құндылық – бұл бірнеше жағдайға немесе объектілерге қатысты жалпы сенім, ал ұстаным – тек бір жағдайға немесе объектіге байланысты сенімдер жиынтығы. «Адами құндылықтардың табиғаты» кітабында ол барлық адамдардың қарым-қатынас құруы және өз пікірлерін қалыптастыруы үшін салыстырмалы түрде аз «соңғы адами құндылықтарды» ішкі бағдары етіп пайдаланатынын атап өтті. Сонымен қатар, құндылықтардың «салыстырмалы рейтингін»

өлшеп, мінез-құлықтың кең ауқымын, оның ішінде саяси көзқарастар мен діни сенімдерді болжауға болады.

Рокич бойынша құндылықтарды жіктеу білім берудің негізгі құндылықтарын екіге бөліп қарауға мүмкіндік береді: біріншісі – терминалдық құндылықтар, яғни білім берудің түпкі мақсаттары, екіншісі – сол мақсаттарға жету құралдары ретінде қарастырылатын дағдылар мен құзыреттер.

Шварц бойынша жіктеу. Шварцтың теориясы жалпы құндылықтардың табиғатын түсінудің сенімді негізін қалап, оның құрылымын дөңгелек континуум формасында айқындап берді.



Сурет 1. Шварц теориясы бойынша адами құндылықтардың дөңгелек құрылымы

Аталған теорияның өзегін құрайтын негізгі адами құндылықтардың дөңгелек құрылымы (1-суретті қараңыз) шектес құндылықтар үйлесімімен байланысты, ал қарама-қайшы құндылықтар қайшылықты мотивтермен байланысты дегенді білдіреді. Құндылықтардың осы дөңгелек құрылымы әртүрлі мәдениеттегі тұрақтылық дәрежесін көрсетеді⁷.

Шварцтың құндылықтар типологиясы⁸ қарама-қайшы жұптарға біріктірілген мотивациялық он құндылық түрінен құралады: билік пен әмбебаптық; жетістік пен ізгі ниеттілік; гедонизм мен ынталандыру және конформизм мен салт-дәстүрлер; өзін-өзі бағыттау мен қауіпсіздік. 2-кестеде нақты құндылықтардың негізгі сипаттамалары жинақталған.

2-кесте. Құндылықтардың Шварц бойынша мағыналары.

Құндылық	Сипаттамасы
Әмбебаптық	Түсіністік, мойындау, төзімділік және барлық адамдардың әл-ауқаты мен табиғатты қорғау.
Билік	Әлеуметтік мәртебе мен бедел, адамдар мен ресурстарды бақылау немесе оларға үстемдік ету.
Ізгі ниет	Адамның өзі жеке қарым-қатынаста болатын адамдарының әл-ауқатын сақтауы және жақсартуы.
Жетістік	Әлеуметтік стандарттарға сәйкес өз құзыреттілігін көрсету арқылы жетістікке жету.
Сәйкестік	Басқалардың көңілін қалдыру немесе зиян келтіруі мүмкін, әлеуметтік үміттерді немесе нормаларды бұзуы мүмкін әрекеттерді, бейімділіктер мен импульстарды тежеу.
Ынталандыру	Толқу, жаңалықтар мен өмірдегі қиындықтар.
Салт-дәстүр	Дәстүрлі мәдениет пен діннің адамға берер әдет-ғұрыптары мен идеяларын құрметтеу, ұстану және қабылдау.
Гедонизм	Өзі үшін ләззат алып, рахаттану.
Қауіпсіздік	Қоғамдағы қауіпсіздік, үйлесім және тұрақтылық.
Өзін-өзі бағыттау	Еркін ойлау және еркін әрекет ету, бірдеңе жасап шығару, зерттеу.

Шварцтың жалпы теориялық тұжырымдары мынадан көрінеді:

Құндылықтар дегеніміз – шешім қабылдауға негіз болатын когнитивті құрылымдар. Әр құндылық адамның қауіпсіздік, еркіндік, табыс немесе әл-ауқат тәрізді өз мұраттарына жетуге деген ынтасын, ұмтылысын білдіреді. Шварцтың құндылықтар теориясы барлық мәдениеттер үшін әмбебап деуге келетін, бір-бірінен мотивациялық жағынан өзгешеленетін негізгі он құндылықты көрсетеді. Алайда әмбебап болғандықтан, олардың мазмұны мен иерархиясы саяси және мәдени тұрғыдан өзгеріп отыруы мүмкін. Шварц құндылықтарды бір шеңбердің бойына орналастырған. Ондағы секторлық жағынан жақын құндылықтар бір-бірінің мағынасын толықтырып отырса, қарама-қарсы құндылықтар келіспеушілікке апарып соқтыруы ықтимал. Сондай-ақ, Шварц кейбір құндылықтар уақыт өте келе өз мәнін жоғалтып, ал басқа бір құндылықтардың маңызы артуы мүмкін екенін атап өтеді⁹.

Құндылықтарды Герт Хофстеде бойынша жіктеу. Хофстеде өз зерттеуін жеке мәдени

қалауларға емес, ұлттық мәдени қалауға негіздеген. Хофстеде моделі ұлттық мәдениеттерді салыстыруға арналған басты алты өлшемді қамтиды: биліктің арақашықтық индексі (*PDI*), индивидуализм мен коллективизм (*IDV*), еркектік пен әйелдік (*MAS*), белгісіздіктен қашу индексі (*UAI*), ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді бағдарлар (*LTO*), ерік беру мен ұстамдылық (*IVR*).

1. Биліктің арақашықтық индексі (*PDI*): теңсіздік пен мәртебедегі айырмашылықтарға төзімділікті көрсетеді. Индекстің жоғары болуы иерархияны қабылдау мен билікке деген құрметті білдірсе, индекстің төмендігі теңдікке және орталықтандырылмаған билікке ұмтылуды аңғартады.
2. Индивидуализм мен коллективизм (*IDV*): жеке немесе топтық мүдделерге бағдарларды өлшейді. Жеке тұлғаның қажеттіліктерін жоғары қоятын қоғамда жеке жетістіктер бағаланса, ұжымшыл қоғам топтың мүдделері мен ортақ іске шынайы берілуге басымдық береді.

⁷ Relations among higher order values around the world. <https://www.jasss.org/27/1/2.html#ref-rudnev2018relations>
⁸ Schwartz Human Values and the Economic Performance.
⁹ An Overview of the Schwartz Theory of Basic Values, <https://scholarworks.gvsu.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1116&context=orpc>

- Белгісіздікте қашу индексі (UAI): белгісіздікке көзқарасты айқындайды. Жоғары индекс нақты ережелерге деген қажеттілік пен тәуекелден қашудан көрінсе, төмен индекс жаңашылдық пен икемділікті білдіреді.
- Еркектік пен әйелдік (MAS): гендерлік рөлдердің маңызын зерттейді. Еркектік өршілдікті, күш пен бәсекелестікті, ал әйелдік қамқорлықты, өмір сапасын және тең құқылы болуды баса көрсетеді.
- Ұзақ мерзімді бағдарлар мен қысқа мерзімді бағдарлар (LTO): қоғамның уақыт көкжиегін көрсетеді. Ұзақ мерзімге бағдарлану болашақты, орнықтылық пен үнемділікті, ал қысқа мерзімге бағдарлану дәстүрлерді құрметтеуді және жылдам нәтижелерді көздейді.
- Ерік беру мен ұстамдылық (IVR): өз қалауын қанағаттандыруға деген көзқарасты сипаттайды. Ерік беру ләззат алумен және еркіндікпен, ал ұстамдылық қажеттіліктерді әлеуметтік нормалар арқылы реттеумен байланысты.

Бұл өлшемдер мәдени айырмашылықтарды түсінуге көмектеседі. Мысалы, ұжымдық шешімдерге бейімділік немесе жеке жетістіктерге бағдарлануды, сондай-ақ, болашақтың немесе бүгінгі күннің артықшылығын түсіндіріп береді. Қалауға ерік беруді алға қойған қоғамда сән-салтанатқа көбірек қаражат жұмсайтын және бос уақытында еркіндіктен көбірек ләззат алатын адамдарды көруге болады. Керісінше, салмақты қоғамда ысырапшыл болмауға, үнемшілдікке және практикалық қажеттіліктерге мән беріледі.

Хофстеде параметрлері елдердің арасындағы айырмашылықтар сипаттайтын басқа да факторлармен өзара байланысты екені анықталды, олардың арасында:

- географиялық жағынан жақындығы,
- ортақ тілі,
- тиісті тарихи ахуалы,
- ұқсас діни сенімдері мен практикалары,
- ортақ философиялық әсерлері,
- бірегей саяси жүйелері бар¹⁰.

Мәселен, шекарасы ортақ елдер, әдетте, бір-бірінен алыс орналасқан елдерден гөрі мәдени жағынан ұқсас келеді.

Герт Хофстеде әлемдегі уақыт ағымымен бірге мың құбылып келе жатқан мәдени

айырмашылықтардың әлі де болса қаншалықты маңызды екенін ашып көрсетті.

Хофстедедің мәдени аспектілерін белгілі бір мінез-құлық үлгілерінің неліктен әртүрлі мәдениеттерде сирек немесе жиі кездесетінін түсіндіру үшін пайдалануға болады.

Мысалы, индивидуализм мен коллективизм кейбір мәдениеттердің жеке жетістіктерге неліктен басқалардан гөрі көбірек мән беретінін түсіндіруге көмектесе алады. Еркектік пен феминизм неліктен кейбір мәдениеттердің басқаларға қарағанда бәсекеге қабілетті екенін түсіндіруге жәрдемдеседі.

Ал ұзақ және қысқа мерзімді бағдарлар неліктен кейбір мәдениеттердің бүгіннен гөрі болашаққа баса назар аударатынын түсіндіруге көмектеседі.

Рональд Инглхарт пен World Values Survey бойынша құндылықтарды жіктеу. Рональд Инглхарт адамдардың құндылықтары мен қажеттіліктері өзгеріп тұратынын және олардың әлемнің әртүрлі елдеріндегі әлеуметтік-саяси өзгерістерге қатты әсер ететінін де дәлелдеді. Оның ең көрнекті еңбектерінің бірі әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдардың құндылықтарындағы өзгерістерді зерттейтін World Values Survey (WVS) халықаралық зерттеу жобасы. Бұл шолуда Инглхарттың негізгі идеялары мен жетістіктері қарастырылады. Рональд Инглхарт өз еңбектерін экономикалық даму, мәдени құндылықтар және саяси мінез-құлық арасындағы өзара байланысты зерттеуге арнаған. Автор бірнеше негізгі тұжырымдарды бөліп қарастырады.

1. Р. Инглхарттың негізгі тұжырымдары

Материалдық және постматериалдық құндылықтар: Р. Инглхарт құндылықтардың осындай екі санатын ажыратып алуды ұсынған. Материалдық құндылықтар экономикалық қауіпсіздік пен күнкөріске баса назар аударса, постматериалдық құндылықтар өмір сапасына, өзін-өзі көрсету және экологияға байланысты. Ол қоғам экономикалық тұрғыдан дамыған сайын материалдық құндылықтардан постматериалдық құндылықтарға қарай ауысу жүретінін айтқан.

Ұрпақтар арасындағы өзгерістер: Р. Инглхарт құндылықтар мен наным-сенімдер ұрпақтан ұрпаққа берілетінін және жас ұрпақ өткенге қарағанда постматериалдық құндылықтарға

көбірек ие болатынын атап өткен. Бұл қоғамдық және саяси мінез-құлықтағы елеулі өзгерістерге алып келуі мүмкін.

Инглхарт пен Вельцел құндылықтарға қатысты жүргізген Дүниежүзілік зерттеу деректерін талдау әлемде кросс-мәдени айырмашылықтардың негізгі екі өлшемі бар екенін анықтады:

X осі: күнкөріс құндылықтары мен өзін-өзі көрсету құндылықтары;

Y осі: дәстүрлі құндылықтар мен зайырлы-рационалды құндылықтар¹¹.

Карта схема түрінде жасалған. Бұл жерде елдер X осі (*күнкөріс пен өзін-өзі көрсету құндылықтары*) және Y осінде (*дәстүрлі және зайырлы-рационалды құндылықтар*) орналасқан құндылықтарға берген бағаларына сәйкес орналастырылған. Карта қоғамның осы екі өлшемнің қай жерінде орналасқанын көрсетеді.

Дәстүрлі құндылықтар діннің, ата-ана мен бала арасындағы байланыстың, билікті құрметтеудің, абсолютті стандарттар мен дәстүрлі отбасылық құндылықтардың маңыздылығын көрсетеді. Осы құндылықтарды қабылдайтын адамдар ажырасудан, жасанды түсік жасатудан, эвтаназиядан және өз-өзіне қол жұмсаудан бас тартады. Аталған құндылықтарды ұстанатын қоғамның ұлттық мақтанышы мен көзқарастары жоғары болады.

Секулярлық-рационалды құндылықтар дәстүрлі құндылықтарға қарама-қайшы ұстанымдарға ие. Мұндай құндылықтарды қабылдайтын қоғам дінге, дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен беделге аса мән бере қоймайды. Ажырасу, жасанды түсік жасату, эвтаназия мен өз-өзіне қол жұмсауды қалыпты жағдай деп санайды.

Энгельбрект пен Нюгрен дәстүрлі құндылықтардан секулярлық-рационалды құндылықтарға көшуді «қоғамдағы негізгі мінез-құлық пен билік қатынастарының негізі ретінде дін мен салтын ғылым мен бюрократияға айырбастау»¹² деп сипаттаған.

Күнкөріс құндылықтары экономикалық және физикалық қауіпсіздікке баса назар аударады. Олар салыстырмалы этноцентристік дүниетаныммен және сенім мен толеранттықтың төмен деңгейімен байланысты.

Өзін-өзі көрсету құндылықтары субъективті әл-ауқатқа, өзін-өзі дамытуға және өмір сүру сапасына бағдарланған. Мұндай құндылықтар қоршаған ортаны қорғау, гендерлік теңдік, шетелдіктерге деген толеранттылық, саяси және экономикалық өмірге белсене қатысу, жеке тұлғалар арасындағы сенімділік пен бала тәрбиесіндегі өзгерістерді қамтиды, мұнда еңбекқорлықтың орнына қиял мен тәзімділікті дамытуға басымдық беріледі. Бұл өзгерістер автономия өркендеп, орталық биліктің бақылауы әлсіреген қоғамдарға тән.

Күнкөріс қамынан өзін-өзі көрсетуге қарай ығысу индустриялық қоғамнан постиндустриялық қоғамға қарай жылжумен және демократиялық құндылықтарды қабылдаумен қатар жүреді. Дәстүрлі құндылықтардан зайырлы-рационалды құндылықтарға қарай ауысу өнеркәсіптің экономикадағы үлесімен тығыз байланысты (*корреляция 0,65*). Алайда өзін-өзі көрсету құндылықтарына өту көбінесе қызмет көрсету секторының көлеміне тәуелді болып (*корреляция 0,73*), экономика құрылымындағы өзгерістерді көрсетеді.

Инглхарттың зерттеулері қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістерді түсіндіреді. Негізгі идея – адамдардың басымдықтары олардың экономикалық әл-ауқаты мен қауіпсіздігіне байланысты анықталуы. Қолайлы жағдайларда қоғам материалдық құндылықтардан, яғни күнкөріс пен экономикалық тұрақтылыққа бағытталған құндылықтардан, постматериалистік құндылықтарға, яғни, өзін-өзі көрсету, экологиялық жауапкершілік және өзін-өзі дамытуға өтеді. Бұл үрдіс жеке автономия, демократия және тәзімділік деңгейінің артуымен бірге жүреді.

Дүниежүзілік зерттеу деректеріне (*World Values Survey*) негізделген Инглхарттың құндылықтарға қатысты теориясы түрлі елдер мен аймақтардың құндылық бағдары арасындағы жаһандық заңдылықтарды ашып көрсетеді. Ол дүниетанымның тарихи, экономикалық және мәдени мәнмәтінін жақсырақ түсінуге, сондай-ақ, демократияландыру, экологиялық мінез-құлық және азаматтардың қоғам өміріне қатысуы секілді саяси және әлеуметтік процестерді болжауға мүмкіндік береді. Мысалы, материалдық құндылықтардан постматериалдық құндылықтарға қадам басу

¹⁰ Dimensionalizing Cultures: The Hofstede Model in Context, <https://scholarworks.gvsu.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1014&context=orpc>

¹¹ Join the World Values Survey Wave 8 (2024-2026): Call for Principal Investigators, <https://www.worldvaluessurvey.org/wvs.js>

¹² Russia and Europe: Building Bridges, Digging Trenches, https://books.google.kz/books?id=fR4iAwAAQBAJ&pg=PA32&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false

демократиялық институттардың дамуына және адам құқықтарының кеңеюіне ықпал етеді.

Осылайша, Инглхарт теориясы қоғамдағы ұзақ мерзімді өзгерістерді, олардың жаһандық және жергілікті дамуға әсерін талдауда маңызды рөл ойнайды және барынша нақты болжамдар жасауға көмектеседі.

С.С. Бубнова бойынша құндылықтарды жіктеу

С.С. Бубнова өз зерттеуінде М. Рокичтің тұжырымдамасына негізделген құндылық бағдары жүйесінің үш сатылы иерархиялық үлгісін ұсынады. Бұл үлгі құндылықтардың үш санатын қамтиды:

1. **Құндылық-идеалдар:** Рухани, танымдық, эстетикалық, гуманистік және әлеуметтік (мысалы, *құрмет, жетістіктер, әлеуметтік белсенділік*) секілді барынша жалпылама және абстрактілі құндылықтар.

2. **Құндылық-қасиеттер:** Бұл құндылықтар жеке тұлғаның ашықтық, білімқұмарлық және белсенділік секілді қасиеттері түрінде көрінеді.

3. **Құндылық-мінез-құлық тәсілдері:** Жеке қасиеттерден көрініс табатын құндылықтарды дамыту мен бекітудің нақты тәсілдері.

Эмпирикалық зерттеу барысында «идеалды» және нақты құндылықтар құрылымында өзіндік заңдылықтары анықталды.

Жалпы тұжырымнан байқағанымыздай **құндылық-идеалдар** өмір сүру барысында **тұлғаның ең маңызды қасиеттері** түрінде көрінетінін, оларды жүзеге асырып, ең қолайлы және қажетті **мінез-құлық тәсілдерін** бекіту арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде құндылық бағдарының дескриптивті моделіндегі негізгі заңдылықтар айқындалды.

3-кесте. С.С. Бубнова бойынша құндылықтарды жіктеу

Құндылық	Оң корреляция	Теріс корреляция
Материалдық әл-ауқат құндылығы	қалауын қанағаттандыруға бағытталған мінез-құлық; интроверсия; рационалдық	басқаларға көмектесу
Эстетикалық ләззатқа және әдемілікті іздеуге ұмтылу	осы құндылықты іске асыруға бағытталған мінез-құлық және тұлғаның бағыныштылық тәрізді қасиеті	-
Гуманизмге, өзгелерге көмек беруге ұмтылу	тұлғаның эмоционалдық қасиеті	жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуге бағытталған мінез-құлық
Жақын жандарға деген махаббат құндылығы	ләззат алуға, өмірлік қалауларын қанағаттандыруға, материалдық әл-ауқатын арттыруға бағытталған мінез-құлық	-
Таным құндылығы	-	Жақын жандарға деген махаббат құндылығын жүзеге асыруға бағытталған мінез-құлық
Жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу құндылығы	осы мәртебеге қол жеткізуге бағытталған мінез-құлық және доминанттылық қасиеті	-
Жоғары әлеуметтік белсенділік құндылығы	тұлғаның рационалдық қасиеті	-
Рухани қарым-қатынас құндылығы	танымдық мінез-құлық; доминанттылық пен белсенділік қасиеті	-
Денсаулығының жақсы болғанын қалау	Эмоциялық құбылмалылық пен рационалдық	-

Бұл зерттеулер құндылық-идеалдардың белгілі бір мінез-құлық түрлері мен тәсілдеріне әсер ететініне дәлел. Сонымен қатар адамның жеке қасиеттері мен құндылықтары әртүрлі болуы мүмкін, бірақ осы құндылықтардың қалыптасуына тұлғаның жеке ерекшеліктері де ықпал ететіні туралы нақты деректер алынған.

Құндылық-идеалдар үш түрлі тәсілмен жүзеге асырылады:

1. Белгілі бір құндылықты мінез-құлық арқылы жүзеге асыру. Мәселен, жоғары деңгейге талпыну сол мәртебеге жетуге бағытталған мінез-құлықты талап етеді, ал сұлулыққа және әдемілікті іздеуге талпыну эстетикалық қызметпен тығыз байланысты.

2. Басқа құндылықтарды жүзеге асыруға бағытталған мінез-құлық (материалдық байлықтың құндылығы «гурманның» мінез-

құлқынан және гуманизмнің жоқтығынан, басқаларға көмектеспеуден көрінсе, қарым-қатынас құндылығы танымдық белсенділіктен аңғарылады).

3. Құндылықтар адамның мінез-құлқынан мүлде байқалмауы мүмкін, бұл ішкі қайшылықтың себебіне айналуы ықтимал. Мысалы, адамның өмірлік қалауы бірде бір мінез-құлық тәсілімен сәйкес келмейді. Құндылықтардың мінез-құлықта нақты көрініс табуы сол адамның маңызды құндылықтарының ерекшеліктеріне және олардың біртұтас құрылымына байланысты екенін атап өткен жөн.

Бубнова С.С. «адамның жеке қасиетінен көрінетін құндылықтар – шынайы құндылықтар, ал мінез-құлық тәсілдері ретіндегі құндылықтар оларды бекітеді» деп түйіндеген.

Құндылықтарды жіктеуге қатысты жалпы теориялық қорытындылар

1. **Құндылықтар иерархиясы.** Рокич пен Бубнованың жұмыстарында құндылықтарды иерархияда жіктеу және реттеу мүмкіндігі баса айтылады. Бұл түрлі құндылықтардың мінез-құлық пен жеке қасиеттерге қалай әсер ететінін, сондай-ақ, олардың бір құндылықтар жүйесінде қалай бір-бірімен өзара байланысты болатынын жақсырақ түсінуге көмектеседі.

2. **Терминалдық және инструменталды құндылықтар.** Рокичтің пікірінше, құндылықтар терминалдық (*соңғы мақсаттар*) және инструменталды (*сол мақсаттарға жету тәсілдері*) болып екіге бөлінеді. Бұлай бөлу жеке ұмтылыстардың мінез-құлықпен және іс-әрекеттермен қалай ұштасатынын айқындап алуға көмектеседі.

3. **Мәдени контексттер.** Шварц пен Хофстеде ұсынған үлгілер мәдени контексттердің құндылықтарға тигізетін әсеріне назар аудартады. Шварц құндылықтардың мәдени және саяси жағдайларға байланысты қалай құбылатынын көрсетсе, Хофстеде ұлттың мәдени көзқарасы мінез-құлықтың әлеуметтік үлгісін қалыптастыратынын талдайды.

4. **Материалдық және постматериалдық құндылықтар.** Инглхарт зерттеулері қоғамның дамуымен бірге экономикалық қауіпсіздікті басты орынға қоятын материалдық құндылықтардан өмір сапасы мен өзін-өзі көрсетуге қатысты постматериалдық құндылықтарға қарай ығысу құбылысын көрсетеді. Бұл құбылыс

құндылық бағдарының экономикалық даму деңгейіне қарай өзгеріп-дамып жатқанын көрсетеді.

5. **Мінез-құлыққа әсері.** Құндылықтардың барлық жіктемелері олардың абстрактілі тұжырым емес, адамдардың мінез-құлқы мен ұстанымдарына тікелей әсер ететінін атап өтеді. Құндылықтарды өлшеп, талдай келе, саяси артықшылық пен әлеуметтік қарым-қатынастар кіретін іс-әрекеттердің кең спектрін болжауға болады.

6. **Эмпирикалық заңдылықтар.** Зерттеулер белгілі бір құндылықтардың нақты мінез-құлық түрімен байланысатынын көрсетіп берді. Бұл олардың тұлғалық қасиеттердің қалыптасуындағы маңыздылығын білдіреді. Мысалы, жақын жанға деген махаббат құндылықтары қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мінез-құлықпен оң байланыста, ал материалдық әл-ауқат құндылықтары альтруизммен теріс байланыста болады.

7. **Құндылықтар динамикасы.** Құндылықтардың барлық жіктемелері олардың уақыт өте келе және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты өзгеруі ықтимал екенін ескереді. Бұл жеке және қоғамдық құндылықтарды өзгермелі әлемге қарай бейімдеп отыру қажеттігін білдіреді.

Мұндай қорытындылар құндылықтар жүйесінің күрделі әрі сан қырлы екенін, сондай-ақ адамдардың және жалпы қоғамның мінез-құлқын түсінуге бағытталған зерттеулердің маңызын баса көрсетеді.

Құндылықтарды білім беру арқылы дарыту – бұл жеке тұлғаны қалыптастыру және дағдыларын дамытуға ықпал ететін маңызды процесс. Құндылықтар теориясы тұрғысынан алғанда, бақыт, адалдық немесе әділеттілік сияқты терминалдық құндылықтар тұлғаның қасиеттеріне бекітіледі. Бұл қасиеттер, өз кезегінде, оқыту барысында білім алушылар меңгеретін мінез-құлық тәсілдері арқылы қалыптасады.

Құндылықтарды таңдау. Білім беру бағдарламаларына қосылатын құндылықтарды іріктеген кезде мына аспектілерге мән беруіміз керек:

Ортақ құндылықтар: Бір-бірін толықтыратын және қоғамның бірлігіне ықпалын тигізетін құндылықтарды таңдаудың мәні зор. Мысалы, құрмет пен ынтымақ секілді құндылықтар үйлесімді оқу ортасын жасауға көмектесе алады.

Бір-біріне қарама-қайшы келмейтін құндылықтар: Біріне-бірі қайшы құндылықтар білім алушылардың арасын шиеленістіріп, келіспеушілік тудыруы ықтимал. Мысалы, индивидуализм және коллективизм құндылықтарын білім беру процесінде дұрыс үйлестірмесе, бір-біріне қарама-қайшы келуі мүмкін.

Құндылықтарды бөлу. Жастарды құндылықтарға тиімді баулу үшін, оларды бірнеше сатыға нақтылап бөліп алуымыз қажет:

Сенім мен ұстаным - құндылық негізі. Сенімдер адамның нені дұрыс, нені бұрыс, нені маңызды, нені маңызды емес деп санауы. Мысалы, адалдықтың құндылық екеніне сенетін адам әрдайым адал болуға тырысады.

Тұлғаның қасиеттері. Тұлғаның эмпатия, жауапкершілік және табандылық тәрізді қасиеттері сенім негізінде қалыптасады. Олар адамның өз құндылықтарын күнделікті өмірде қалай көрсететін аңғартады.

Нақты дағдылар мен құзыреттер. Бұл дағды мен құзыреттер құндылықтардың іс жүзіндегі көріністері мен тұлғаның жеке бас қасиеттерін білдіреді. Мысалы, командада жұмыс істей алу және тиімді қарым-қатынас құра білу қабілеті ынтымақтастық пен коллективизмнің маңызына сенумен байланысты болуы мүмкін.

1.3 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Білім саласының заманауи зерттеушілері құндылықтардың жаһандық дағдарысын ескереді (Bok, 2009¹³; Knight, 2014¹⁴; Mohan & Bhushan, 2017¹⁵). Мысалы, Мохан және Бушан технологиялық прогресс пен адамзат құндылықтарының дағдарысы арасындағы мынадай қарама-қайшылықтарды атап көрсетеді: «Бір жағынан, жылдам көлік, жаңғыру, урбандану, коммуникациялық технологиялар, әлеуметтік желілер мен инфрақұрылымды

кеңейту жағынан технологиялық, әлеуметтік, саяси және жаһандық салаларда орасан зор прогресс байқалады. Екінші жағынан, бұл жетістіктердің барлығы материалдық және экологиялық ресурстарды көп мөлшерде пайдалану, ысырап ету және жоғалтумен қатар жүреді. Сондай-ақ, ғаламдық жылыну, қылмыстың кеңінен таралуы және ең алаңдатарлық жайт – толеранттықтың, әлеуметтік-мәдени үйлесімнің, сондай-ақ қазіргі қоғамның физикалық және психологиялық саулығының маңызды негіздерінің бұзылуы».

Білім берудің жаһандану мәнмәтінін негізге ала отырып, ғалымдар халықаралық ғылыми қоғамдастықты құндылыққа негізделген білім беруді дамытуға шақырады (*ағылш. values education*). Мохан мен Бушанның айтуынша, құндылыққа негізделген білім беру сапалы оқытудың шынайы мәнін ашады. Ол оқытушы мен білім беру жүйесінің студенттерге қамқорлық таныту, өзара сыйластық, әділдік және жағымды мінез-құлық үлгісін көрсету сияқты маңызды аспектілерге назар аударуына көмектеседі.

Құндылыққа бағытталған білім беруді (Values-based Education, VbE) 2006 жылы доктор Нил Хокс дайындап, негізін қалаған¹⁶. С.В. Гудтің пікірінше, құндылыққа бағдарлап білім беру адамның өз қабілеттерін, ұстанымдарын және өзі өмір сүретін қоғамның жағымды құндылықтарына сәйкес келетін мінез-құлық түрлерін дамытуға көмектесетін барлық процестердің жиынтығын білдіреді.

Бүгінде ол сәтті іске асқан білім беру моделіне айналып, бүкіл әлем бойынша 100-ден астам бастауыш мектепте сапалы аффективті оқыту барысында қолданылып келеді.

Оқыту тәсілдерінде **трансформациялық өзгеріс** жасау үшін VbE адамның құрмет, жанашырлық, кішіпейілділік, сенім және адалдық тәрізді жағымды әмбебап құндылықтарына сүйенеді. Бұл білім алушылардың сыныптағы, сыныптан тыс күнделікті өмірі үшін негіз болады.

Іс жүзінде VbE **аффективті оқытуды дамытуда** айтарлықтай жетістіктерге

жетіп отыр. Бір-бірімен байланысты тұжырымдамалар құндылықтарға баулуды, адамгершілікке тәрбиелеуді, сондай-ақ мінез-құлықты дамытуды қамтиды. Алайда VbE білім алушылардың бойына сіңірілетін құндылықтарды терең түсіну мен іс жүзінде қолданудың бірегейлігімен ерекшеленіп, оларды білім беретін ортаның ажырамас бөлшегіне айналдырады¹⁷.

Құндылыққа негізделген білім берудің жеке тұлғаға және жалпы қоғамға тигізетін әсері¹⁸:

- Құндылыққа негізделген білім беру – балаларды жан-жақты тәрбиелеуге қажетті этикалық, мәдени, әлеуметтік және эмоциялық аспектілерге әсер ететін маңызды элемент;
- құндылықтарды ерте жастан оқыту балалардың оларды өмір бойы ұстанатынына кепіл береді;
- құндылыққа негізделген білім беру жеке, жергілікті және жаһандық контексттерді ескеруі тиіс;
- мектептер балалардың құндылықтарды негізге ала отырып, жеке және әлеуметтік деңгейлерде жұмыс істеуіне мүмкіндік беруі тиіс;
- құндылыққа негізделген білім беру жергілікті қоғамдастыққа қатысуға байланысты және балаларға қазіргі өмірдің қиындықтарын еңсеруге көмектесе алады;
- ол білім беру ортасын жақсартады және өмір бойы әлеуметтік тұрғыдан өзара байланыста жұмыс істеу дағдыларын дамытады;
- құндылықтар балалардың жауапкершілікпен әрекет етуіне көмектесіп, жеке мінез-құлқын қалыптастырудың ортақ моральдық негізін береді;
- кішкене күнінен құндылықтарды бойына сіңіріп өскен балалар сенімді, құзыретті, тәуелсіз болып, әлеуметтік жағынан өмір бойы өзара дұрыс қарым-қатынастарды орната біледі.

Құндылыққа негізделген білім берудің білім алушылар үшін маңызы

Қазіргі заманда құндылыққа негізделген білім беру мына себептерге байланысты маңызды:

- білім алушыларға түрлі жағдайлар кезінде дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі, шешім қабылдау дағдыларын дамытады;
- олардың бойына эмпатия, жанашырлық, мейірімділік, қайырымдылық тәрізді маңызды құндылықтарды сіңіреді;
- балалардың білуге деген құштарлығын оятады, олардың құндылықтары мен қызығушылықтарын дамытады. Сонымен қатар бауырмалдық пен патриоттыққа тәрбиелейді;
- білім алушылардың қоғамға қызмет етуге қатысты өз орнын табуына көмектесіп, бұрынғыдан гөрі жақсы бола түсуге ынталандырады¹⁹;
- адамдардың рухани өмірін ішінара толтырады;
- құндылыққа негізделген білім берудің мақсаты – білім алушылардың бойында сыртқы әлеммен табысты қарым-қатынас орнатуға қажетті дұрыс көзқарас пен стандарттарды қалыптастыру²⁰.

Аустралияда²¹ құндылыққа негізделген білім беру дегеніміз – білім алушылардың құндылықтарды түсінуіне және түйсінуіне, сондай-ақ жеке және ауқымды қоғам аясындағы белгілі бір құндылықтарын жүзеге асыруға қажетті дағдылары мен қасиеттерінің дамуына ықпал ететін кез келген ресми және/немесе бейресми мектеп қызметі.

Осы ұлттық бағдарлама аясында аустралиялық мектептерге арналған тоғыз құндылық таңдалды. Оларды мектеп қоғамдастықтары Аустралияның XXI ғасырдағы мектептегі білім берудің ұлттық мақсаттарын ескере отырып қалыптастырды. Олар төменде маңыздылық деңгейін көрсетпестен алфавит тәртібімен берілген. Құрмет пен «адал ойын» («fair go») принципі тәрізді ортақ құндылықтар аустралиялық демократиялық өмір салтының бір бөлшегіне айналған. Ол теңдікті, азаттықты және заңның үстемдігін қамтиды. Олар халықтың мультимәдени және экологиялық тұрғыдан орнықты қоғамға ұмтылысын көрсетеді, өйткені ондай қоғамда адам әділдікті талап етуге құқылы.

Аустралиялық мектептерге арналған тоғыз құндылық:

¹³ Bok, D. (2009). Universities in the Marketplace: The Commercialization of Higher Education. Princeton: Princeton University Press

¹⁴ Knight, J. (2014). Is Internationalisation of Higher Education having an Identity Crisis? In A. Maldonado Maldonado & R.M. Bassett. (Eds), The Forefront of International Higher Education (pp. 75-87). Springer, Dordrecht

¹⁵ Bhushan, S., & Mohan, A. (2017). Higher Education in the World 6. Towards a Socially Responsible University: Balancing the Global with the Local: Chapter 5. Towards a Socially Responsible University: Balancing the Global with the Local (pp. 315-329). Girona: Global University Network for Innovation

¹⁶ Values-Based Education for Sustainable Development (VbESD): Introducing a Pedagogical Framework for Education for Sustainable Development (ESD) Using a Values-Based Education (VbE) Approach, <https://www.mdpi.com/2071-1050/16/9/3562#B24-sustainability-16-03562>, Values-Based Education, <https://valuesbasededucation.com/>

¹⁷ VALUE BASED EDUCATION, <https://eprajournals.com/IJSR/article/6509/download>

¹⁸ Values-based Education, <https://arrowad.sa/link/Values-based-Education-paperV1.pdf>

¹⁹ Effect of Value Education on Students, <https://ijcrt.org/papers/IJCRT2212033.pdf>

²⁰ Hidden Curriculum [Sociology], <https://www.simplypsychology.org/hidden-curriculum.html>

²¹ National Framework for Values Education in Australian Schools, <https://asmre.org/801/11/AustralianNationalValuesFramework-2005.pdf>

- 1. Қамқорлық пен жанашырлық** (өзіңе және басқаларға қамқорлық).
- 2. Бар күшінді сал** (лайықты әрі маңызды мақсаттарға ұмтылу, кемелдікке талпыну, тырысу).
- 3. Адал ойын** («Fair Go» – ортақ игілікті қорғау, әділетті қоғам құру үшін барлығына әділетті болу).
- 4. Еркіндік** (Аустралия азаматының артық ешкім қол сұқпайтын немесе бақыламайтын барлық құқықтары мен артықшылықтарын пайдаланудан ләззат алу, басқалардың құқықтарын қорғау).
- 5. Адалдық пен сенім** (адал, шынайы болу және ақиқатқа ұмтылу).
- 6. Тұтастық** (моральдық және этикалық мінез-құлық принциптеріне сәйкес әрекет ету, сөз бен істің әрдайым сәйкес болуын қамтамасыз ету).
- 7. Құрмет** (басқаларға көңіл бөлу және құрметтеу, басқа адамның көзқарасын мойындау).
- 8. Жауапкершілік** (өз әрекеттерің үшін жауап беру, дау-жанжалдарды сындарлы әрі бейбіт жолмен шешу, қоғамға және азаматтық өмірге үлесінді қосу, қоршаған ортаға қамқор болу).
- 9. Түсіністік, төзімділік және инклюзия** (басқа адамдарды және олардың мәдениетін түсіну, демократиялық қоғамға тән әртүрлілікті қабылдай білу, қоғам өміріне белсене араласу және басқаларды да тарту).

Британдық тәжірибе²². Құндылыққанегізделген білім беру – құндылықтарды негіз еткен оқыту тәсілі. Ол білім алушылардың академиялық жетістіктерге жетуіне және ғұмыр бойы сақталып қалатын әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын қалыптастырады.

Мектеп қызметкерлерінің жағымды құндылықтарды көрсетуі арқылы жағымды оқу ортасы қалыптастыру. Бұл мұғалімдер мен оқушылар арасындағы конфликттерден туындайтын стрессті азайтуға көмектесіп, оқу мен оқытуға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, мұндай тәсіл білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырып, оларға әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды, интеллект пен ұстанымдарды сіңіреді. Олар мектепте де, келешек өмірінде де жетістікке жетуге жәрдемдеседі.

Мектептер төзімділік, құрмет, жеке бастың еркіндігі, заңның үстемдігі және демократия секілді британдық құндылықтарға баулуға міндетті. Құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізу тәсілдері 1-қосымшада ұсынылған.

Құндылыққа бағдарлап білім беру мынадай аспектілер арқылы жұмыс істейді:

- 1. Құндылықтарды түсіну.** Мұғалімдер өздерінің оқыту әдістері арқылы сыныпта және сыныптан тыс жерде көрсететін құндылықтарын тереңірек түсінеді. Оқушылар құндылықтарды түсіну олардың мінез-құлқына және әрекеттеріне әсер ететінін, оларды әлдеқайда альтруисті ететінін есте сақтайды.
- 2. Әл-ауқат.** Құндылықтар туралы ойлау, оларды жүзеге асыру арқылы оқушылар өздерінің қадір-қасиетін, эмпатиясын және жауапты жеке мінез-құлқын дамытады. Зерттеулер көрсеткендей, құндылыққа бағытталған білім беру тәуекел тобындағы, маргиналданған немесе әлеуметтік жағдайы нашар оқушыларға өте жағымды әсер береді. Бұл мұғалімдерге, ата-аналарға, отбасыларға, сыныптарға және мектептерге де оң ықпалын тигізеді.
- 3. Еріктілік.** Еріктілік – адамның өз бетінше шешім қабылдап, оны өмірінде жүзеге асыра білу қабілеті. Зерттеулерге сәйкес, құндылыққа негізделген білім беру оқушылардың еріктілігін күшейтеді, әсіресе қоғаммен байланыс орнатуға және практикалық жобаларға қатысуға мүмкіндік бергенде. Мұндай жобалар оқушыларға өз құндылықтарын шынайы, терең және жеке тәжірибе арқылы іске асыруға көмектеседі.
- 4. Байланыс.** Құндылыққа бағдарлап білім беру мұғалімдердің, оқушылардың және ата-аналардың арасында жағымды түрлі байланыстарды орнатады. Ол оқушылардың оқу процесіне тартылуын жақсартады, ата-аналардың өз балаларын оқытуға қатысуын арттырады және мұғалімдерге оқушылармен, әріптестерімен және мектеп қоғамдастығындағы отбасылармен жаңа қарым-қатынастар құруына мүмкіндік береді. Ортақ мақсаттар мен практиканың арқасында бір-біріне деген құрмет, сенім және қауіпсіздік сезімдері орнайды, сондай-ақ ынтымақтасу мүмкіндіктері ашылады. Зерттеулер мұндай құндылықтардың мектептегі ғана емес, үйдегі мінез-құлықты да жақсартатынын көрсетіп берді.

5. Трансформация. Құндылыққа бағдарлап білім берудің негізінде өзгеріс пен трансформация жатыр. Бұл процесс мұғалімдер мен оқушылардың өзіндік мектептегі әрекеттері жайлы ұдайы ойлануының нәтижесінде жүреді. Негізгі өзгерістер кәсіби практикадан да, жеке ұстанымдар мен мінез-құлықтан да, топтың қарым-қатынасы мен динамикасынан да көрініп тұрады. Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар – барлығы да мұндай өзгерісті бірден байқайды. Деректер білім алушылардың оқуында да айтарлықтай өзгерістер болатынын көрсетеді, атап айтқанда, олар қиын сұрақтарды тереңірек түсіне бастайды.

6. Жетістіктер. Жоғарыда аталған аспектілердің арқасында көптеген мектептер оқушылардың жеке жетістіктері мен академиялық үлгерімінің әлдеқайда жақсарғанын байқаған. Олар оқу процесіне тереңдей кіріп, өзіне және маңайындағы адамдарға артылған жауапкершілікті түсіне бастайды.

Құндылықтар мен ұстанымдарды оқу бағдарламаларының негізіне енгізудегі қиындықтарды еңсеру стратегиясы

1) Құндылықтардың ұлттық және халықаралық басымдықтарға сәйкес келуі

Барлық елдер құндылықтарды бөлек, бірақ оқу бағдарламаларының өзара байланысты өлшемі ретінде қарастыра бермейді. Тіпті, бұл тәжірибені қолданатын елдердің өзі көбінесе білім берудің нәтижесі ретіндегі құндылықтар мен ұстанымдарды бағыттап отыратын басқа құралдарды пайдаланады.

Ондай құралдарға конституциялар, заңдар, нормативтік актілер және оқу бағдарламалары бойынша әдістемелік ұсынымдар жатады. Олар ресми оқу бағдарламасының мазмұнын толықтырады.

2) Мүдделі тараптардың пікірімен санасу және консенсустің қолдауын алу үшін кеңес беру процестерін іске қосу

3) Құндылықтар мен ұстанымдарды пәнаралық құзыреттер тұрғысынан тұжырымдау

Елдер мен юрисдикциялар құндылықтар мен ұстанымдарды оқу бағдарламасына енгізу стратегияларын жасағанда, олар осы құндылықтар мен ұстанымдардың оқу дизайны құрылымында қай жерде көрсетілетінін де анықтауы қажет болды. Құндылықтар мен ұстанымдардың оқу процесіндегі орны әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір оқу бағдарламаларында олар оқушының бейіні, оқу мақсаттары,

нәтижелері немесе негізгі құзыреттер жиынтығы түрінде оқу бағдарламасының жалпы құрылымына кіреді.

Құндылықтар мен ұстанымдарға қатысты бұл тәсілдер осындай зерттеуге қатысатын елдерде/юрисдикцияларда жиі кездеседі. **Швецияда** құндылықтар барлық пәндерге енгізілуі тиіс, appearing explicitly in subject-specific goals емес. **Британдық Колумбияда (Канада)** құндылықтар оқу дизайнының үш элементінің біріне жататын негізгі құзыреттерге кіргізілген.

4) Құндылықтарды пәндердің мазмұнына енгізу

Кейбір елдердің оқу бағдарламалары құндылықты барлық пәндер бойынша оқытуды және оқуды жоспарлаудың бір бөлшегі болуы тиіс екенін атап көрсетеді. «Оқу бағдарламаларының мазмұнын салыстыру» жобасы зерттеуге қатысушы елдердің оқу бағдарламаларында аталған құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы нақты пәндердің мазмұнында қалай ашылатынын анықтады.

Ирландияда оқу бағдарламасының ерекшеліктері арқылы оқу нәтижелері білімдерді, қабілеттерді, тұжырымдарды, ұстанымдар мен құндылықтарды сипаттайды. Балалар оқу кезеңі аяқталғанда оларды білуі немесе көрсете алуы тиіс.

Нидерландыда негізгі білім беруге арналған пәндердің басты мақсаты құндылықтарды көрсету. Мысалы, дене тәрбиесіндегі мақсат: «басқалардың қажеттіліктерін түсіне білу, бір-бірін құрметтеу және бір-біріне қамқор болу».

Гонконг (Қытай) мектептерді құндылыққа негізделген білім беруді іске асыруға бүкіл мектеп болып қатысуға ынталандырады. Кейбір мектептер өзінің құндылыққа негізделген білім берумен және жеке тұлғаны дамытумен байланысты оқу бағдарламасын жасау тәсілін таңдайды.

5) Мінез қалыптастыру немесе моральдық білім беру секілді арнайы пәндерді құру

Елдердің/юрисдикциялардың үштен бірінен астамында моральдық, этикалық және азаматтық білім беруге арналған жеке пәндер бар. Құндылыққа негізделген білім беруге нақты бір пәнді арнайы бөлетін бұл тәсіл іріктеліп алынған құндылықтарға баса назар аударуға мүмкіндік береді. Мысалы, **Ирландияда** «Әлеуметтік, тұлғалық және денсаулық тұрғысынан білім беру» деп аталатын пән бар.

²² Ledbury Primary School Values based Education Policy, <https://primarysite-prod-sorted.s3.amazonaws.com/ledbury-primary-school/UploadedDocument/1e15f5bed907480fb43bdb3f19797339/values-based-education-2020.pdf>.

Жапонияда «Моральдық білім беру» пәні бар (жеке оқулығымен). Сабақтарға арнайы уақыт бөлу және оқытушылардың моральдық білім беру бойынша дайындықтан өту бағдарламасын жасау арқылы бұл пәнді оқытуға қолдау көрсетіледі.

Құндылықтарды сіңірудің маңызды аспектісі – жасырын оқу жоспары (*hidden curriculum*). Оны алғашқы болып 1968 жылы Филип Джексон сипаттаған. Ол оқушылардың оқу барысында меңгеретін жасырын немесе ашып жазылмаған қағидалар мен құндылықтар жиынтығын білдіреді. Оны көбінесе мектептің миссиясында баяндалған барынша тұжырымды, ресми бағдарламамен салыстыра отырып қарастырады. Функционалисттер (*the functionalists*) жасырын оқу бағдарламасы балаларға мынадай аспектілерді береді деп санайды:

- **Жетістікке жету құндылығы:** жасырын оқу бағдарламасы мықты жұмыс этикасын, зерттеуге деген ұмтылысты, жеке жауапкершілікті, бастамашылдықты, бәсекелестік рух пен шығармашылықты қалыптастырады. Ол емтихандарда жоғары балл жинаған студенттерді көтермелеу, сыныпта қойылған ақылды сұрақтар үшін мақтау және әртүрлі жобаларды орындау кезінде ұсынылған бірегей идеяларды мойындау арқылы айқын көрінеді.
- **Мектеп қоғамның микромоделі ретінде:** мектепті белгілі бір дәрежеде қоғамның кішірейтілген моделі деуге болады. Ол ересек өмірге дайындайтын алаң ретінде әрекет етеді. Қазіргі индустриялы қоғамның нормалары мен құндылықтары жасырын оқу бағдарламасы насихаттайтын әлеуметтену процесіне енеді.
- **Нормалар мен айырмашылықтарды құрметтеу:** мектептегі мәдени нормаларды сақтау және әртүрлі ортадан шыққан оқушылармен бірге білім алу балаларды отандастарының пікірін құрметтеуге баулиды және өздерінен өзгеше адамдармен бірге өмір сүруді үйретеді²³.

Жасырын оқу бағдарлама тұжырымы (*hidden curriculum*) бұл тұрғыдан да өзекті. Ол ашық көрсетілмейтін және жасырын құндылықтарға, білім беру ортасында болатын және бейсаналы берілетін мінез-құлық пен нормалар үлгісіне қатысты.

Мұндай жасырын оқу бағдарламасында мұғалімдердің пікірі шешуші рөл ойнайды және мұғалімдердің сабақтағы мінез-құлқы мен оқушылардың оларды тиімді қабылдауын ескере отырып, академиялық құзыреттілікке қатысты сапаның маңызды бір бөлігі қызметін атқарады.

Witter-ді шолу көрсеткендей, оқушыларға бағытталған оқыту ұстанымдары мен оқу процесіне деген терең сенімдер оқушылардың жақсы танымдық нәтижелерімен байланысты. Бұл педагогикалық интервенциялар үшін құндылықтар мен сенімдер туралы білудің маңыздылығын аңғартады.

Мұғалімдердің өзін-өзі тануы мен өз әрекеттерін талдауы құнды жасырын оқу бағдарламасын жазбаша оқу бағдарламасының айқын қосымшасына айналдыру үшін қажет. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (*ЭЫДҰ*) «Болашақ білім беру мен дағдылар: білім беру – 2030» жобасы қазір болашаққа дайын мұғалімдерге қажетті құзырет түрлерін зерттейді, сондай-ақ оқытуға қатысты тұжырымдамалармен және болжамдармен, мысалы, мұғалімнің кәсіби дербестігі мен әл-ауқатының жаңа түсініктемелерімен жұмыс істейді. Аталған болжамдар ЭЫДҰ Білім беру компасы аясында жасалып, оның бет-бейнесіне айналатын болады²⁴.

Әлемдік практикаларды шолу негізінде құндылыққа бағдарлап білім беруді іске асыру туралы жалпы қорытындылар

Әлемнің әртүрлі елдерінде құндылыққа бағдарлап білім беру аясында принциптер мен сенімдерден көрінетін құндылықтар белсенді түрде іріктеліп алынады. Бұл құндылықтар оқушылардың тұлға болып қалыптасуында басты рөлді атқарады және мінез-құлық практикасының, дағдылар мен құзыреттердің қажетті жиынтығын айқындап береді. Құндылықтардың түлектің нақты атрибуттарына дейін көрініс табуы білім беру процесінің маңызды бөлігіне айналады.

Құндылықтарды іріктеу

Білім беру жүйесіндегі құндылықтарды таңдау жауапты тұлғаны қалыптастыру үшін маңызды деп саналатын принциптер мен сенімдерді анықтауды қамтиды. Бұл құндылықтарға мыналарды кіргізуге болады:

- Басқаларды құрметтеу.
- Жауапкершілік.
- Әділдік.
- Ынтымақтастық.
- Экологиялық сана.

Аталған құндылықтар білім беру мекемесі қызмет етіп тұрған мәдени және әлеуметтік ортада өзекті болуы және соған сәйкес келуі тиіс.

Құндылықтарды бөлу

Құндылықтарды іріктегеннен кейін оларды бітіруші түлектің нақты атрибуттарына дейін бөлшектеп алған маңызды. Бұл абстракттілі принциптер мен нақты іс-әрекеттер арасында дәлме-дәл байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Аталған процесс төмендегілерді қамтиды:

Қалаулы мінез-құлық практикаларын анықтау. Әр құндылық оқушылар өз өмірінде көрсете алатын белгілі бір тәжірбиемен байланысты болуы тиіс. Мысалы, құрмет көрсету құндылығы басқалардың пікірін мұқият тыңдаудан және қолдаудан көрінеді.

Дағдылар мен құзыреттерді әзірлеу. Аталған тәжірбиені іске асыру үшін қандай дағдылар мен құзыреттер қажет екенін анықтап алуымыз керек. Мысалы, жауаптылығын таныту үшін оқушыларға тайм-менеджмент және өзін-өзі

бақылау дағдыларын көрсету қажет болуы мүмкін.

Үйлесім құру. Құндылықтардың бір-бірімен қалай үйлесетінін ескеру қажет. Мысалы, ынтымақтастық пен әділеттілікті оқушылар бір командада жұмыс істеуге үйренетін жобалардың аясында, барлық қатысушылардың мүдделерін назарға ала отырып біріктіруге болады.

Білім беру мазмұнына ендіру

Бөліктерге бөлінген құндылықтар пәннің мазмұнына, сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстарға интеграцияланады. Ол мыналарды қамтуы мүмкін:

Оқу бағдарламалары: Құндылықтар мен тиісті дағдыларға баса назар аударатын курстар мен оқу жоспарларын жасау.

Сынып іс-шаралары: Құндылықтарды талқылауға және іс жүзінде қолдануға ықпал ететін сабақтар мен іс-шараларды, мысалы, дебаттарды, топтық жобаларды және рөлдік ойындарды өткізу.

Сыныптан тыс белсенділік: Оқушылардың дағдылары мен практикаларын оқу процесінен тыскездеадытуға көмектесетін құндылықтарға негізделген клубтар мен қоғамдастықтарды ұйымдастыру.

²³ Embedding Values and Attitudes in Curriculum, https://www.oecd.org/en/publications/embedding-values-and-attitudes-in-curriculum_aee2adcd-en.html

²⁴ OECD (2021), Embedding Values and Attitudes in Curriculum: Shaping a Better Future, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/aee2adcd-en>.

2. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Индустрия 4.0 дәуірінің келуіне байланысты адамзат қоғамы өзінің құндылықтар жүйесіне жаңа құндылық түрлерін қабылдауы оның біртіндеп дәстүрлі болуын тоқтатады. Жаңа технологиялардың, ақпараттық дүмпадін, бұқаралық ақпарат құралдары ағымының дәуірінде қоғам тұтастай алғанда әлеуметтік тұрғыдағы бағдарынан айырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда білім беру ұйымдары жаңа ұрпаққа құндылықтарды сіңіру жайында бастама көтеруі тиіс.

Білім беру жүйесі білімді құру және беру функцияларынан басқа, қоғамда әртүрлі рөлдерді атқара алатын моральдық тұрғыдан сау адамдарды «жасап шығарады». Жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын, өзіне деген сенімділік пен жоғары құндылықтар оларды қабылдай алған түлектерге қоғамда маңызды орнын табуға көмектеседі. Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы»²⁵ деп жазған болатын. Білім алушылар мінезді қалыптастырудың маңыздылығы мансап құрудан кем емес екенін түсінуі керек, өйткені ол адамның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері мен сапасын арттырады.

VUCA әлемінде жоғары оқу орындары өзгерістердің қозғаушы күші ретінде әрекет етіп, әлемдік зерттеу нәтижелерін, үздік білім беру тәжірибелері мен технологияларын пайдалана отырып, өз қызметін ұйымдастыруы және жүзеге асыруы тиіс. Сонымен қатар, олар белгілі бір құндылықтарға сүйене отырып, осы қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу және оларды қолдану үшін құндылықтарға негізделген тәсілді іске асыруы қажет.

Құндылықтар студенттің білім мазмұнын анықтауға және жеке тұлғасының қалыптасуына бағыт-бағдар береді. Конструктивистік

тәсіл жетекші тәсіл болып танылғандықтан, құндылықтар дайын түрде емес, білім алушыға қажетті адамгершілік нормаларын, мінез-құлық тәсілдері мен жеке қасиеттерін саналы түрде алуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау арқылы берілуі керек. Қолданыстағы құндылықтар жүйесіндегі бағыт-бағдардың болмауынан туындаған алаңдаушылықтың артуы білім беруді әлеуметтік, этикалық және моральдық құндылықтарды дамытудың қуатты құралына айналдыру қажеттілігін тудырды.

Осыған байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына алғаш рет білім беру құндылықтары енгізілді²⁶.

Жалпы орта білім берудің мазмұнында негізгі құндылықтар ретінде мыналар белгіленген: 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу.

Жоғары білім берудің мазмұнында негізгі құндылықтар ретінде төмендегілер белгіленген: 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) ашықтық²⁷.

Стандарттар оларды мынадай анықтама беру арқылы анықтайды: «білім беру құндылықтары – білім алушының жеке тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып танылатын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттары жүйесін құратын бағдарлар».

Оқушыларға білім беру құндылықтарын сіңірген кезде олардың бойында мына қасиеттер дамуы қажет: 1) Қазақстанның мүддесіне қызмет етуге даяр болу; 2) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының

нормаларына құрмет көрсету және оларды ұстану; 3) әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай білу; 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталану; 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне, дүние жүзінің мәдени алуан түрлілігіне құрмет көрсету; 6) шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; 7) коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді пайдалана білу.

Мектептегі білім беру стандарттары әртүрлі дағдыларды қамтиды және олар оқу мақсаттары ретінде типтік оқу бағдарламалары мен оқулықтардағы мәтіндер мен тапсырмаларға

кіріктірілген оқу мақсаттары түрінде көрініс табады:

- 1) білімді функционалды және шығармашылық түрде қолдану;
- 2) сыни ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- 5) коммуникацияның түрлі әдістерін қолдану.

Құндылықтарды мектеп түлегінің әлеуметтік портретімен және дағдылардың кең спектрімен салыстырғанда, мынаны көруге болады (№ 4 кестені қараңыз):

4-кесте. Құндылықтарды мектеп түлегінің қасиеттерімен және кең спектрлі дағдылармен сындарлы үйлестіру

Құндылық	Мектеп түлегінің қасиеттері және кең спектрлі дағдылар
Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік	- Қазақстанның мүддесіне қызмет етуге даяр болу. - Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының нормаларына құрмет көрсету және оларды ұстану. - Мемлекеттік тілді меңгеруге ынталану. - Әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай білу.
Құрмет	- Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне, дүние жүзінің мәдени алуан түрлілігіне құрмет көрсету. - Рухани келісім мен толеранттық идеяларын ұстану.
Ынтымақтастық	- Топта және жеке жұмыс істей білу. - Байланыстың әртүрлі тәсілдерін қолдану. - Проблемаларды шешу және шешім қабылдау.
Еңбек пен шығармашылық	- Шығармашылық және сыни ойлау. - Зерттеу жұмыстарын жүргізу. - Білімді функционалды және шығармашылық қолдану.
Ашықтық	- Қоршаған әлемге және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң көзқарас. - Коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді пайдалана білу.
Өмір бойы білім алу	- Өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру. - Сыни ойлау. - Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Стандарттарда аталған құндылықтар жүйесі оқулықтар, оқу процесі, бағалау және тәрбиелеу ортасы арқылы оларды сіңіру механизмінің тапшылығын тартуда, құндылықтарды іске асыру декларация деңгейінде қалып қойған. Бірақ құндылықтар қазіргі заман мәнмәнінде жаңа мағынаға ие болып, эволюцияланады.

2024 жылдың наурыз айында Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев негізгі жалпыұлттық құндылықтарды айқындап берді, олар: Тәуелсіздік пен Отаншылдық, Бірлік пен Ынтымақ, Әділдік пен Жауапкершілік, Заң мен Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби

²⁵ Кайдарова А.С., Балаева А.Г. (2018). Қазақстанның қазіргі жастарының отбасылық құндылықтары (әлеуметтанулық зерттеу қорытындылары бойынша): шетелдік сарапшылардың қатысуымен жастардың өзекті мәселелері бойынша өткізілген «Болашақтың мамандықтары: Y, Z ұрпақтар неге дайын болуы керек?» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.

²⁶ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген.

²⁷ Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты.

біліктілік, Жасампаздық пен Жаңашылдық. Бұл құндылықтар елдің жаңа ресми идеологиясының негізіне айналады.

Оқу-ағарту министрлігі бастауыш және орта білім беру стандарттарының жобаларын жасап шығарды. Оларда құндылық бағдарын қалыптастыру мен жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту негізгі міндеттер болып белгіленген. Білім берудің негізгі құндылықтары оқыту мен тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз

ететін қағидаттар мен ұстанымдар ретінде айқындалды.

Құндылықтар: тұлғалық, коммуникативтік, әлеуметтік, азаматтық, этикалық, кәсіби және зерттеушілік сияқты негізгі құзыреттерге дейін бөлшектенген. Бұл құзыреттер оқу бағдарламалары мен оқулықтарға интеграцияланып, білім алушыларда құндылыққа негізделген бағдарлардың тиімді қалыптасуына мүмкіндік береді.

5-кесте. Құндылықтардың бөлшектенуі.

Білім берудің негізгі құндылығы	Негізгі құзыреттер
Тәуелсіздік пен Отаншылдық	тұлғалық
Бірлік пен Ынтымақ	коммуникативтік
Әділдік пен Жауапкершілік	әлеуметтік және азаматтық
Заң мен Тәртіп	моральдық және этикалық
Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік	еңбек және кәсіби
Жасампаздық пен Жаңашылдық	зерттеушілік

Құндылықтарды, құзыреттерді, оқыту нәтижелерін, оқу мақсаттары мен оқу мазмұнын сындарлы сәйкестендіру мысалдары 2-қосымшада көрсетілген.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

Сабақтан тыс жүргізілетін жұмыс білім алушыны дамыту барысында академиялық және тұлғалық тұрғыда маңызды орын алады. Негізгі оқу процесінен тыс жүргізілетін бұл шаралар білім алушыларға түрлі қызығушылықтарымен айналысуға, маңызды дағдыларын дамытуға және негізгі құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сабақтан тыс жұмыс спорт, клубтар, музыка, өнер, волонтерлық жұмыс және басқа да қызметтерді қамтиды. Бұл шаралар оқу тәжірибесін толықтыруға арналған және білім алушыларға өздері әуестенетін салалары мен

өз қызығушылықтарын зерттеуге мүмкіндік береді. Осындай іс-шараларға қатысу оларға командамен жұмысты, көшбасшылықты, тәртіп пен тұрақтылықты дамытуға көмектеседі.

Сабақтан тыс жұмыс тек ойын-сауық жасау үшін ғана маңызды емес; ол білім алушыларға өмірлік маңызды сабақтарды үйретуде де негізгі рөлді ойнайды.

Сабақтан тыс жұмыс арқылы инструменталды құндылықтардың кең спектрін сіңіруге және командамен жұмыс, көшбасшылық, тәртіп, тұрақтылық, қоғаммен араласу тәрізді және т.б. жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға болады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, сыныптан тыс жұмыстың маңыздылығы мен мүмкіндігін ұғына отырып, мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал

табыс» деп аталған Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысындағы (2024 жылғы 15 наурыз) берген тапсырмасын орындау мақсатында, «Біртұтас тәрбие» (30.07.2024 ж. № 194 бұйрық)²⁸ деп аталатын тәрбие жұмысының жаңартылған бағдарламасын бекітті. Бағдарлама білім алушылардың негізгі моральдық қағидаттары мен құзыреттерін қалыптастыру мақсатында құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдеріне негізделген тәрбие жүйесін құруға бағытталған,

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әдістемесі мынадай негізгі тәсілдерді тірек етеді:

-Білім беру «Тәуелсіздік пен Отаншылдық», «Бірлік пен Ынтымақ», «Әділдік пен Жауапкершілік», «Заң мен Тәртіп», «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік», «Жасампаздық пен Жаңашылдық» секілді негізгі құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады.

- тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін когнитивті, практикалық және эмоциялық дағдыларды дамытуға бағытталған құзыреттілікке басымдық беріледі.

Осылайша, Қазақстанның білім беру жүйесі Индустрия 4.0 дәуірінің талаптарына бейімделе алатын жаңа ұрпақтың қалыптасуында негізгі рөл ойнайды. Әлеуметтік бағдарсыздық пен

құндылықтар жүйесінің өзгеруі жағдайында білім беру стандарттары қазақстандық патриотизм, азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық секілді маңызды құндылықтарды өзіне қосып алуда. Бірақ аталған құндылықтардың маңыздылығына қарамастан, оларды оқу материалдары мен процестері арқылы енгізу декларативті болып қала береді. «Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы тәрізді сыныптан тыс жұмыстың бағдарламалары білім алушылардың моральдық қағидаттарын, көшбасшылық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл сабақтан тыс белсенділіктерді тәрбиенің маңызды құралына айналдырады. Қазақстан Президенті белгілеген жалпыұлттық құндылықтар – Тәуелсіздік пен Отаншылдық, Бірлік пен Ынтымақ, Әділдік пен Жауапкершілік еліміздің жаңа идеологиясының негізіне айналып отыр. Оларды құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдер арқылы білім беру бағдарламаларына енгізу біртұтас тәрбие жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді. Сыни ойлау, креативтілік және кәсіби біліктілік сияқты негізгі құзыреттерді дамытуға ерекше назар ауып отыр. Бұл жастарды қазіргі жағдайларға бейімдеп, оларды қоғамның дамуына белсене араласа алатын азамат ретінде баулуға мүмкіндік береді.

²⁸ «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» бағдарламасы, https://uba.edu.kz/storage/app/media/BIRTUTAS_TARBIE_KAZ%20new%2005.08.2024.pdf

3. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА ИНКОРПОРАЦИЯЛАНУЫН ТАЛДАУ (ЖАППАЙ ЖӘНЕ ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН САУАЛНАМА АРҚЫЛЫ)


Барлық жас топтарындағы респонденттердің көпшілігі (61,5%-66%) ұлттық құндылықтарды маңызды деп есептейді. Бұл азаматтардың ұлттық бірегейлік идеясына берік екендігін білдіреді.

Респонденттердің шамамен төрттен бір бөлігі (24,6%-25,9%) құндылықтарды «маңыздырақ» деп санайды. Жасы айырмашылығы ұлғая келе

белгілі бір құндылықтардың маңызы төмендеуі де мүмкін, осыған байланысты жалпыұлттық құндылықтарды іске асыру үшін ыңғайлы тәсілді қолдану маңызды.

Шағын бір топ (5,5%-6,9%) құндылықтарды аса маңызды емес деп есептейді, ал бұл аталған сұрақта қоғам пікірінің тұрақтылығын көрсетеді.

1-диаграмма. Жалпыұлттық құндылықтар Қазақстанның жастарына қаншалықты маңызды?



Барлық жастағы азаматтардың 3%-ы барлық құндылықты жоққа шығарады.

Осылайша, жалпыұлттық құндылықтар барлық жастағы азаматтарға өзекті және бұл оны бағдарламаларға енгізудің негізі болып табылады.

Зерттеу нәтижесі ересектер арасында жастарды тәрбиелеудің негізі болып табылатын ұлттық құндылықтарды насихаттайтын білім беру шараларын күшейту керектігін көрсетеді.

Ерлер де, әйелдер де ұлттық құндылықтарды маңызды деп санайды (жауаптары шамалас 63,1% және 64,3%).

Құндылықтарды «маңыздырақ» деп есептейтін респонденттер үлесінің айырмашылығы шамалы (25,5% ерлерде, 25,1% әйелдерде). Әйелдер көбіне жауап беруден қысылмайды (2,8%, ерлерде – 3,5%). Жауап бергендердің көпшілігі (шамамен 63-64%) ұлттық құндылықтарды (жынысына қарамай) маңызды деп санайды.

Ұлттық құндылықтарды инкорпорациялау жөніндегі қоғамдық бағдарлама ер мен әйелдерді бірдей қамти алады.

Құндылықтарды ұғынуда бірлікті байқауға болады: қазақтардың (62,8%), орыстардың (64,2%), және басқа этникалық топ өкілдерінің көбі (73,2%) ұлттық құндылықтарды маңызды деп көрсеткен. Тек қазақтардың 1,5%-ы, орыстардың 0,9%-ы және басқа этникалық топ өкілдерінің 3,7%-ы құндылықтарды маңызды емес дейді, бұл жалпыұлттық құндылықтар феномені аз да болса жоққа шығарылғанына дәлел болады.

«Басқа» тобы (73,2%) берік ұстанатынын білдіріп, түрлі этникалық топтардың қарым-қатынасындағы бірлікті көрсетеді.

Алынған деректерге сүйене отырып, барлық топтар үшін құндылықтардың маңыздылығын ескеру қажет. Сондықтан жалпыұлттық құндылықтардың рөлін айқындайтын білім беру және мәдени бағдарламаларды дамыту маңызды. Бұл қоғамның бірлігін нығайтуға және әртүрлі этникалық топтардың өз құндылықтарына деген көзқарастарын еркін білдіруіне мүмкіндік беретін іс-шараларға басымдық беруге көмектеседі.

Орта білімді респонденттер (73,7%) көбінесе жалпыұлттық құндылықтардың маңыздылығын атаған, ал білімі жоғары респонденттер арасында ондайлар көп емес – 61,9%. Жалпыұлттық құндылықтардың маңыздылығын кемітетін-

дердің үлесі кәсіби-техникалық және жоғары білімі бар респонденттер арасында артқаны көрініп тұр.

Осыған байланысты, білім деңгейі жоғарылаған сайын жалпыұлттық құндылықтардың маңызы төмендегені байқалады. Жұмыс істейтін саласына қарамастан, респонденттердің 85%-дан астамы құндылықтар маңызды немесе маңызды деуге болады деп санайды. Ең жоғары көрсеткіштер жұмыссыздар (83,3%) мен үй шаруасындағы әйелдерде (71%) екен, бұл деген олардың дәстүрлі құндылықтарға адалдығын көрсетеді. Шағын бизнес өкілдері арасында құндылықтардың салмағы төмен бағаланды (48,6%).


Бұл түрлі кәсіби топтардың ұлттық құндылықтардың маңыздылығын әртүрлі қабылдайтынын білдіреді.

Жекеменшік салада жұмыс істейтіндерге қарағанда, экономикалық белсенділігі төмен топтар құндылықтарды көбірек ұстанады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық инструменталды құндылықтарға иек артса, жалпы көпшілік терминалдық және дәстүрлі құндылықтарға бейім.

Табыс деңгейі әртүрлі адамдардың жауабын талдау мынадай көріністі анықтады.



2-диаграмма. Жалпыұлттық құндылықтар Қазақстандағы қазіргі жастардың өмірінде қаншалықты маңызды?



Табыс деңгейі әртүрлі барлық топ респонденттері (60–73%) жалпыұлттық құндылықтардың маңызды екенін растайды. Табысы төмен және жоғары респонденттердің жауаптары кесімді («иә, маңызды»). Табыс деңгейі орта респонденттер көбінесе «маңызды деуге болады» деген жауапты таңдайды.

Анықталған үрдістер құндылықтарды маңызды деп тану табыс деңгейіне байланысты екендігін көрсетті: табыс неғұрлым төмен немесе жоғары болса, құндылықтардың маңыздылығын қолдау да соғұрлым жоғары. Құндылықтарды «маңызды емес» деп санайтындардың саны өте аз (4%-ға дейін).

Табыс деңгейі әртүрлі топтарға бейімделген жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге арналған бағдарламаларды іске асыру қажет. Оған қоса, табыс деңгейі орта топтың қатысу деңгейін арттыру үшін тиісті құндылықтардың маңыздылығына айрықша назар аудару қажет.

Респонденттердің берген жауаптары отбасылық жағдайына қатысты талдау құндылықтардың мән-маңызы үйленбеген/тұрмыс құрмағандар арасында басым екенін көрсетті (66,2%). Некеге тұрмаған адамдар құндылықтардың маңыздылығына көбірек назар аударады, бұған

өмірлік серігі болмағандықтан бағыт-бағдарын іздеп, өзін-өзі дамытып жүруі себеп болса керек.

Азаматтық некеде тұратын респонденттер (59,0%) арасында көрсеткіш төменірек. Олар үшін құндылықтар маңызының төмендігіне қарым-қатынасының айқындалмауы немесе отбасы дәстүрлерін сирек пайдалануы себеп болуы мүмкін.

Некесі тіркелген респонденттер арасында (63,5%) жауап беруге қиналатындар сирек кездеседі (3,6%). Ресми түрде тіркелген некеде көбірек тұрақтылық бар, ол құндылық бағдарының анықтығына ықпал етеді.

Жалғыз басты жандардың құндылықтар маңыздылығын мойындау деңгейі төменірек (61,8%). Бұл өміріндегі жағдайлардың өзгеруіне және отбасы дәстүрлеріне деген сенімін жоғалтып алуына байланысты болуы ықтимал.

Жалпыұлттық құндылықтарға жағымды көзқарасты нығайту үшін жастар мен некеде тұрмаған адамдарға арналған жеке тұлғалық даму және құндылықтарды қалыптастыру бағдарламасын дамыту маңызды. Бұл бастамалар өзіндік өмір жолын іздеу кезінде құндылық бағдарының сақталуына көмектеседі.


Тіркелген некелерге қолдау көрсетуді дамыту аясында ресми түрде тіркелген отбасыларда құндылықтарды нығайтатын отбасылық клубтар мен жобаларды құру мүмкіндігін қарастыруға болады. Бұл осы топ өкілдері үшін белгісіздік деңгейін одан әрі төмендеті алады.

Жесір әйелдер мен ерлер, сондай-ақ серігінен айырылған адамдар психологиялық және әлеуметтік қолдауға мұқтаж болуы мүмкін. Сондықтан оларды отбасылық құндылықтарды сақтауға бағытталған қоғамдық және мәдени жобаларға тарту маңызды.

Ауыл тұрғындары жалпыұлттық құндылықтарды көбірек бағалайды (68,0%). Ауылдық жерде тұратындардың жалпыұлттық құндылықтарды маңызды деп санауына салт-дәстүрдің үлкен рөл атқаруы, тұрғындардың ауызбіршілігі және урбандалу төмендігі себеп болса керек. Скепсис пен күмән ауыл тұрғындары арасында аз (1,0%-3,8%), бұл олардың дәстүрлі өмір салтын ұстанатынын білдіреді.

Қала тұрғындары арасында жалпыұлттық құндылықтарды мойындайтындар азырақ (61,5%). Бұл жеке-дара өмір салты, урбандалудың үлкен ықпалы және дәстүрлі құндылықтарды ұстанбауына байланысты болуы ықтимал.

3-диаграмма. Ұлттық құндылықтар Қазақстандағы қазіргі жастардың өмірінде қаншалықты маңызды?



Қала тұрғындары үшін жалпыұлттық құндылықтарды насихаттайтын мәдени және білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ дәстүрлер мен ұлттық бірегейліктің маңыздылығын насихаттайтын іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады. Ауыл тұрғындарына ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайтатын жергілікті бастамалар мен жобаларды дамыту арқылы дәстүрлі өмір салтын сақтауға қолдау көрсету маңызды.

Деректерді талдау көрсеткендей, Қазақстанның көптеген өңірлерінде респонденттер жалпыұлттық құндылықтардың маңызды екенін

мойындайды, ал «Иә, маңызды» жауаптарының орташа көрсеткіші 60%-дан асады. Неғұрлым жоғары көрсеткіштер Қостанай (96,5%), Шығыс Қазақстан (92,0%) және Атырау облыстарында (84,6%) байқалады. Бұл осы өңірлердегі дәстүрлер мен патриотизмнің едәуір ықпалы бар екендігіне дәлел. Мысалы, Ақмола облысында құндылықтардың маңыздылығы туралы сұраққа респонденттердің 30,8%-ы жауап беруге қиналған.

Алматы (47,9%) және Астана (34,5%) сияқты қалалар мен урбандалған аймақтар құндылықтарды белгілі бір


шамада мойындайтынын көрсеткен, бұл индивидуализмнің әсері мен дәстүрлі құндылықтарға жеткілікті мән бермеудің көрсеткіші болуы мүмкін. Алайда, көптеген облыстарда, соның ішінде Абай, Атырау және Ұлытау облыстарында респонденттер үшін жауап беру қиындық туғызбайды, яғни бұл олардың жалпыұлттық құндылықтардың маңыздылығына деген сенімділігін көрсетеді.

Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары тәрізді құндылықтарды мойындауы төмен өңірлерде ұлттық бірегейлікті насихаттайтын білім беру және мәдени жобаларды іске қосу ұсынылады. Алматы және Астана қалаларында урбандалудың әсерін бәсеңдету үшін құндылықтарды білім беру және медиа кеңістіктермен біріктіретін ақпараттық науқандар жүргізген жөн.

Сіздің ойыңызша, жастардың бойында осы құндылықтардың қалыптасуына отбасы әсер ете ме?

Отбасыәсерініңжалпыкөрінісі:респонденттердің 68,2%-ы отбасы құндылықтардың қалыптасуына сөзсіз әсер етеді деп санайды. Респонденттердің 20,3%-ы «әсер етуі мүмкін» нұсқасын таңдаған, бұл белгілі бір дәрежеде белгісіздік болса да, оң әсердің бар екенін көрсетеді. Қатысушылардың 8,5%-ы отбасы «әсер етпеуі мүмкін» десе, ал 1,8%-ы «әсер етпейді» деп санайды. Осы аз ғана үлестің өзі көпшіліктің отбасы маңыздылығын мойындайтынын көрсетті. Сауалнамаға қатысқандардың тек 1,3%-ы ғана жауап беруге қиналған, бұл бейтарап көзқарасты немесе отбасы рөлін түсінудің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

4-диаграмма. Жастардың бойында осы құндылықтардың қалыптасуына отбасы әсер ете ме?



Бұл деректер мәдени және ұлттық құндылықтарды сіңіруде отбасының шешуші рөл атқаратынына тағы да дәлелдейді.

Қазақстан қоғамында отбасы дәстүрлі түрде басты орында тұрады, оның ықпалы мыналар арқылы көрінеді:

- моральдық және этикалық нормалардың берілуі;
- мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға құрметпен қарауды қалыптастыру;
- аға буынның іс-әрекетін үлгі ете отырып тәрбиелеу;
- туыстық қатынастарға адал болу және үлкенді сыйлау;
- қонақжайлық салты мен этносаралық толеранттықты сақтау.

Отбасының әсерін мойындайтын респонденттердің үлесі (88,5%) мынадай оң аспектілерді көрсетті:

Отбасы құндылықтарының тұрақтылығы. Жаһандану процестеріне қарамастан отбасы тәрбиенің маңызды институты болып қала береді.

Мәдени мұра тұрақтылығы. Отбасы тіпті қоғамды жаңғырту жағдайында да өзектілігін сақтайтын ұлттық мәдениетті жеткізу қызметін атқарады.

Талдау негізінде мына шараларды ұсынуға болады:

- ақпараттық материалдарды мектеп, даму орталықтары және БАҚ арқылы тарату;
- отбасылық мерекелер мен әдет-ғұрыптарды насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізуге ынталандыру;
- отбасылық байланыстарды нығайтатын бастамаларды қолдау, мысалы, ҰЕҰ немесе мемлекеттік бағдарламалар арқылы.

Сауалнама нәтижелері жастардың ұлттық құндылықты қалыптастырудағы отбасының шешуші рөлін растайды.

Бұл мынаны білдіреді:

- ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық бағдарламаларда отбасы маңызды элемент ретінде қарастырылуы тиіс;
- отбасылық байланыстарды нығайту ұлттық және мәдени негіздерден бастау алған

азаматтық қоғамды дамыту құралы бола алады;

- Қазақстанда отбасы, әсіресе ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесінде жастарды тәрбиелеудің орталық институты болып қала береді.


Отбасылық құндылықтарды тәрбие беру жүйесімен және әлеуметтік бастамалармен біріктіру мәдени мұраны сақтап қалуға және қоғамдық бірлікті дамытуға ықпал ете алады. Қазақстандағы жастардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін ояту.

Жастардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін ояту қаншалықты маңызды?

Респонденттердің 64,3%-ы мұны «иә, бұл маңызды» деп санайды. 23,7%-ы «маңызды деуге болады» деп көрсетті. Жалпы алғанда, қатысушылардың 88%-ы болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеудің маңыздылығын мойындап отыр. Сонымен бірге, 9,7%-ы «айтарлықтай маңызды емес» көзқарасын ұстанады, ал 1,8% бұл «маңызды емес» екеніне сенімді. Респонденттердің 0,7%-ына жауап беру қиынға соқты, бұл белгісіздіктің минималды үлесін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігінің идеяға жоғары қолдау танытуы (88%) сабақтастықты сақтаудың және болашақ ұрпаққа құрмет көрсетудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл жастардың қоғамдық, мәдени және экологиялық ресурстарды тасымалдаушы және қорғаушы ретіндегі рөлі туралы түсінікті білдіреді. Респонденттер жауапкершілік сезімі жастардың бойындағы адалдық, әділдік және болашаққа қамқорлық тәрізді адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратынын меңзейді. Болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік қоршаған ортаны сақтау, тұрақты қоғамды дамыту және мәдени мұраны нығайтумен тығыз байланысты.

5-диаграмма. Жастардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін ояту қаншалықты маңызды?



Маңыздылығы үлкен емес топ (11,5%), оның ішінде 9,7% «онша маңызды емес» және 1,8% «маңызды емес» деп бағалағандар. Бұл топ азшылықты құраса да, олардың пікірі назар аударуға тұрарлық. Себептері ретінде төмендегілерді атауға болады:

- қазіргі ұрпақтың іс-әрекеттері мен олардың болашаққа қалдыратын салдарының арасындағы байланысты жете түсінбеуі;
- ұзақ мерзімді ойлауды әлсіретуі ықтимал индивидуализмнің артуы сияқты жаһандық өзгерістердің әсері;
- жастардың болашаққа әсер ету мүмкіндігіне сенімсіздік.

Жауап беруге қиналатындардың төмен пайызы (0,7%) аталған мәселенің көпшілікке жақсы түсінікті екенін көрсетеді. Алайда осы аз ғана үлестің өзі нақты түсінік қалыптастыру үшін білім беру жұмысын қажет етеді.

Ұрпақтар алдындағы жауапкершілік сезімін оятудың рөлін әртүрлі жағынан қарастыруға болады:

- 1) өз жауапкершілігін сезінетін жастар әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға ұмтылатын болады. Бұл азаматтық қоғамның дамуына ықпал етеді;

2) жауапкершілікке тәрбиелеу табиғи ресурстарға ұқыпты қарау мен экологияны сақтау қажеттілігін түсінуді қамтиды. Жастар қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзгерістердің қозғаушы күшіне айналады;

3) жауапты көзқарас ұзақмерзімді жоспарлауға және тұрақты экономикалық өсімнің негізі – білімге, инновацияға және инфрақұрылымға инвестиция салуға дайын болуға ықпал етеді.


Жауапкершілікті тәрбиелеуге жоғары қолдау таныту себептері.

1) Қазақстанның дәстүрлі құндылықтары: қазақстандық мәдениетте ұрпақтар сабақтастығы мен үлкендерді құрметтеу идеясы дәстүрлі түрде күшті, бұл болашақ ұрпақ алдындағы парыз сезімін тәрбиелеуге ықпал етеді.

2) Заманауи сын-қатерлер: шындық пен экологиялық проблемалар өзекті мәселелер мен сынақтарды шешуге қабілетті саналы ұрпақ тәрбиелеудің маңыздылығын көрсетеді.

Деректерді талдау жастардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеудің маңыздылығымен келісу деңгейі білім деңгейіне байланысты өзгереді.

6-диаграмма. Жастардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін ояту қаншалықты маңызды?



Орта білімді респонденттер мұны көбінесе маңызды деп санайды (73,7%), ал кәсіптік білімі бар респонденттер арасында бұл көрсеткіш 63,9%-ға дейін, ал жоғары білімі бар адамдар арасында 59,7%-ға дейін төмендейді.

«Маңызды деуге болады» жауабы жоғары білімді (27,0%) және кәсіптік-техникалық білімге ие (24,7%) респонденттер арасында жиі кездеседі, бұл осы топтардың аталған мәселені барынша кешенді түрде қабылдайтынын көрсетуі мүмкін. Теріс жауаптардың үлесі («Айтарлықтай маңызды емес» және «Жоқ, маңызды емес») барлық топтарда төмен, дегенмен жоғары білімі бар респонденттер арасында (10,3% және 2,2%) сәл жоғарылау. Белгісіздік деңгейі минималды және 0,4%-дан 0,8%-ға дейін өзгереді.

Орта білімі бар респонденттер жауапкершілікке тәрбиелеудің маңыздылығына сенімнің ең жоғары деңгейін көрсетеді. Білім деңгейі өскен сайын «Иә, маңызды» жауаптарының үлесі төмендейді, ал «Маңызды деуге болады» жауабының үлесі артады, бұл мәселеге деген біршама сыни және көп қырлы көзқарасты білдіруі мүмкін.

Барлық білім беру топтары арасында жауапкершілікке тәрбиелеудің маңыздылығы туралы консенсусты қолдау және нығайту үшін білім деңгейіне қарай бейімделген кешенді ағартушылық науқандарды жүргізу қажет.


Негізінен жастар мен қоғамның басым көпшілігі болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікке тәрбиелеудің маңызды екенін түсінеді. Бұл Қазақстанның тұрақты және әділ қоғам құрудағы әлеуетін танытады. Осы міндетті маңызды деп санамайтындар үшін қабылдаудағы олқылықтарды жою мақсатында хабардарлықты арттыру бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Сіздің ойыңызша, құндылықтарды нығайту бойынша мемлекеттік стратегияны қалыптастыру ісіне жастар белсенді араласуы керек пе?

Деректерді талдау көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі жастар құндылықтарды нығайтудың мемлекеттік стратегиясын қалыптастыруға белсенді араласуы керек деп санайды.

Сондықтан, біріншіден, жастар – әлеуметтік процестердің белсенді қатысушысы және қоғамды дамытудағы өз рөлін сезінеді; екіншіден, жастар арасындағы оң көзқарасты нығайту және скептикалық көңіл-күйді басу мақсатында мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау үшін қосымша білім беру бағдарламалары мен платформаларды енгізу немесе қолданыстағы механизмдерді жетілдіру қажет.

7-диаграмма. Сіздің ойыңызша, құндылықтарды нығайту бойынша мемлекеттік стратегияны қалыптастыру ісіне жастар белсенді араласуы керек пе?



Бұл пікірмен келісудің ең жоғары деңгейі («Иә») 61 жастан асқан (61,9%) және 46-60 жастағы (53,1%) респонденттер арасында байқалды. 29-45 жас аралығындағы респонденттердің арасында келісетіндердің үлесі 53,0%-ды, ал 18-28 жас аралығындағы жастар арасында 47,4%-ды құрады.

«Иә деуге болады» деген жауапты 18-28 жас аралығындағы жастар (38,5%) және 29-45 жас аралығындағы респонденттер (33,6%) таңдаған, бұл қосымша факторларды ескере отырып, ішінара келісетінін көрсетеді. Теріс жауаптар («Жоқ деуге болады» және «Жоқ») 18-28 жас аралығындағы жастар арасында жиі кездеседі (12,9%), бұл олардың рөліне күмәнданатынын немесе сенімсіздігін көрсетуі мүмкін. Белгісіздік деңгейі барлық топтарда минималды, бірақ 46-60 жас аралығындағы респонденттер арасында (2,1%) жоғарырақ.

Егде жастағы респонденттер (61+) көбінесе жастардың стратегияны қалыптастыруға қатысуын қолдайды, олар мұны құндылықтар мен тәжірибе беру мүмкіндігі ретінде қарастырады.

Деректерді шолу респонденттердің көпшілігі жынысына қарамастан жастардың құндылықтарды нығайту жөніндегі мемлекеттік стратегияны қалыптастыруға белсенді қатысуын қолдайтынын растайды. Әйелдер арасында 56,3% «Иә» деп жауап берді, бұл ерлерге қарағанда жоғары (50,2%). «Иә деуге болады» деген жауап әйелдерден (32,5%) гөрі ерлер арасында (37,6%) айтарлықтай қолдау тапты. Теріс жауаптар («Жоқ деуге болады» және «Жоқ») екі топта да сирек кездеседі және шамамен бірдей: ер адамдарда олардың жалпы үлесі – 10,9%, ал әйелдерде – 10,0%. Белгісіздік деңгейі минималды, бірақ еркектерде (1,3%) әйелдермен салыстырғанда (1,2%) сәл жоғары екенін көрсетті.

Осылайша, ерлерге қарағанда әйелдер жастардың қатысуын толық қолдайды («Иә»). Ер адамдар көбінесе ұстамды келісімді таңдайды («Иә деуге болады»), бұл, осы мәселені бағалауда олардың аса сақ екенін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері жастардың құндылықтарды нығайту жөніндегі мемлекеттік стратегияны қалыптастыруға белсенді қатыса алатын күш ретінде жоғары әлеуетін танытады. Жас ұрпақтың өз қабілеттеріне деген сенімін

нығайта отырып және елдің болашағына ықпал етуіне мүмкіндік бере отырып, осы әлеуетті іске асыру үшін жағдай жасау бойынша жұмысты жалғастыру маңызды.

Бүтіндей алғанда, гендераралық ынтымаққа ықпал ете отырып, ерлер мен әйелдер жастарды стратегияларды қалыптастыруға тарту жолдарын бірлесіп талқылай алатын, гендерлік тұрғыдан теңдестірілген пікірталас алаңдарын ұйымдастыру маңызға ие.

Сауалнамалар мен тереңдетілген сұхбаттардың нәтижелері бойынша Қазақстандағы құндылықтарды нығайту жөніндегі қорытындылар мен ұсынымдар

Жалпыұлттық құндылықтар жастарды тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Олардың маңыздылығына баса назар аударатын білім беру бағдарламаларын енгізу және бірегейлік пен дәстүрлерді құрметтеуді нығайтатын мәдени жобаларды күшейту қажет. Жастарды форумдар, пікірталастар және әлеуметтік жобалар арқылы Қазақстанның болашағы туралы диалогтарға тарту маңызды болмақ.

Отбасы – құндылықтарды қалыптастыратын негізгі институт. Ата-аналарға арналған білім беру тренингтерін қоса алғанда, ұрпақаралық байланысты нығайтуға бағытталған отбасылық бағдарламаларды дамыту ұсынылады. Медиа және қоғамдық бастамалар арқылы отбасы құндылықтарын қолдауға ерекше назар аудару керек.

Болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру ерте жастан басталуы тиіс. Бұл тақырыпты білім беру бағдарламаларына, мәдени бастамаларға және экологиялық

жобаларға қосу ұсынылады. Аға буынды тәлімгерлікке және қоғамдық жобаларға тарту ұрпақтар арасындағы жауапкершілікті нығайтады.

Жастардың құндылықтарды нығайту стратегиясын жасауға белсенді қатысуы оның ел болашағына мүдделі болуын қамтамасыз етеді. Мемлекет талқылау алаңдарын құруы, жас көшбасшыларды шешімдер қабылдауға тартуы және азаматтық бірегейлікті нығайтатын білім беру жобаларын дамытуы тиіс.

Ең тиімді тетіктер – білім беру бағдарламалары, қоғамдық бастамалар, шығармашылық жобалар және медианы пайдалану. Жастардың назарын аудару үшін геймификация және виртуалды шындық сияқты инновациялық әдістерді қосудың маңызы зор.

Мемлекет білім беру және мәдени бастамаларды қолдайтын серіктес рөлін атқаруы керек, бірақ құндылықтарды таңуға тиіс емес. Бұл тәсіл қоғамның автономиясы мен мемлекеттік қолдау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі және заманауи құндылықтар арасындағы тепе-теңдікті сақтау – оңтайлы әрекет. Білім берудің, кәсіпкерліктің және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің заманауи тәсілдерін біріктіру арқылы мәдени мұраны сақтайтын бағдарламаларды әзірлеу қажет. Ауылдық жерлерде дәстүрлі өмір салтын сақтай отырып, инфрақұрылымды жаңғырту керек. Этнографиялық бағыттар құру және туризмде, ауыл шаруашылығында және қолөнерде жергілікті стартаптарды қолдау жастарға тұрғылықты жерде еңбек етіп, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құндылықтар адам өмірінде де, қоғам дамуында да негізгі рөл атқарады. Олар жеке және ұжымдық, сонымен бірге ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін көрсететін бағдар болуы мүмкін. Философияда құндылықтар қоршаған әлемге деген көзқарас ретінде, психологияда соңғы мотивтер, әлеуметтануда әлеуметтену құралы, ал экономикада шешім қабылдау факторы ретінде қаралады.

Рокич, Шварц, Хофстеде және Инглхарт тәрізді ғалымдардың зерттеулері құндылықтарды жіктеудің түрлі тәсілдерін ұсынады. Рокич оларды терминалды (соңғы мақсаттар) мен инструменталды (сол мақсаттарға жету тәсілдері) депекіге бөледі. Бұл жекеталпыныстардың мінез-құлыққа қаншалықты қатысты екенін түсінуге көмектеседі. Шварц құндылықтардың шеңбер түріндегі үлгісін ұсынып, оларды үйлесімділік мен қайшылық тұрғысынан орналастырды. Хофстеде мәдени қалаулар қалайша мінез-құлықтың әлеуметтік моделін көрсететінін зерттесе, Инглхарт постиндустриалды қоғамға өтуді білдіретін материалдық құндылықтардан постматериалдық құндылықтарға қарай ойысуға баса назар аударды.

Құндылықтарды оқу процесіне енгізу үшін білім беру бағдарламаларында осыны ескеру қажет. Оқу бағдарламалары жеке құндылықтарға да, ұжымдық құндылықтарға да мән беруі тиіс. Мысалы, бақыт пен адалдық секілді терминалды құндылықтар ұзақмерзімді ұмтылыстар ретінде бекітіліп, ал жауапкершілік пен ынтымақтастық тәрізді инструменталды құндылықтар күнделікті іс-әрекеттерімізді реттеп отыруы керек.

Бірлік пен үйлесімге қатысы бар құрмет пен ынтымақтастық сияқты құндылықтарды насихаттаудың маңызы зор. Бұл орайда индивидуализм мен коллективизм тәрізді бір-біріне қарама-қайшы құндылықтар теңестіріледі. Құндылықтарды қалыптастыру процесі сенім мен ұстанымнан бастап жанашырлық пен жауапкершілік секілді қасиеттерді дамытуға дейінгі кезеңдерге бөлінуі тиіс. Сонымен бірге командалық жұмыс пен этикалық шешімдерді қабылдау сияқты дағдылар мен құзыреттерге де баулу қажет. Бұл оқушылардың аталған құндылықтарды түсініп қана қоймай, өмірдің әртүрлі жағдаяттары кезінде қолдануына да мүмкіндік береді.

Қазақстан құндылыққа бағдарлап білім берудің шетелдік тәжірибесін тәуелсіздік, отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен қаржылық тұрақтылық, жасампаздық пен жаңашылдық тәрізді құндылықтарды қалыптастыру үшін пайдалана алады. Аустралия мен Ұлыбритания секілді елдерде мемлекет құндылықтары білім беру бағдарламаларына енгізілген және моральдық бағдар қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақстан әртүрлі пәндердің мазмұнына құндылықтарды, ұлттық басымдықтарды енгізу арқылы осы тәжірибені өзіне бейімдеп қолдана алады.

Халықаралық табысты жобалардың үлгілері өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу үшін ел тарихы мен ұлт мәдениетін, сондай-ақ азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік қызметке арналған жобаларды пайдаланады. Бірлік пен ынтымақ құндылықтарын өзгелерді құрметтеуге бағытталған ұжымдық жобалардың көмегімен дамытуға болады. Әділеттілік пен жауапкершілікті практикалық шешімдер мен этикалық пікірталастар арқылы дамытуға болады. Заң мен тәртіп азаматтар мен адам құқықтарын зерттеу жолымен дамиды. Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті практикалық тапсырмалар мен дағдылар ынталандырса, жасампаздық пен жаңашылдыққа жобалар, инновациялар және ғылыми зерттеулер түрткі болады.

Алайда Қазақстандағы білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйін талдау назар аударуды қажет ететін бірқатар саланың бар екенін анықтады. Біріншіден, білім беру стандарттарында бекітілген құндылықтар оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнында, нақты сабақтарда айқын көрсетілмеген. Соның салдарынан құндылықтар декларация деңгейінде қалады, оқытудың бір бөлігіне айналмайды. Екіншіден, жүйеде бір реттік науқандар мен жобаларға бағдарланған іс-шара тәсілдері басым. Бұл білім беру практикасындағы жүйелі тәсілге жатпайды.

Ескерілуі керек үшінші кемшілік – құндылыққа бағдарлап тәрбие беруді объективті түрде бағалайтын әдістің жоқтығы. Бұл білім бағдарламалары мен тәсілдерін түзетуге кедергі келтіреді. Оған қоса, білім беру саласының құндылықтарды сіңіруге қатысты жұмсап жатқан күш-жігеріне қарамастан, қоғамның қолдауы мардымсыз. Бұл ортақ іске отбасы,

жергілікті қоғамдастықтар және тұтас қоғам араласпайынша, құндылықтарды сіңіру аса табысты бола қоймайды. Мектепте өскелең ұрпақтың бойына сіңірілетін құндылықтарды қолдайтын және олардың әсерін жастарға қарай бағыттап отыратын бірыңғай тәрбие ортасын құру үшін қоғаммен белсенді жұмыс атқару қажет.

Сол сияқты демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді де ескерген абзал. Жаһандану мен индивидуализмге бет алған жас буын жалпыұлттық құндылықтарды көп ұстана қоймайды. Үлкендер болса, мәдени бірегейлік пен әлеуметтік келісімнің сақталуына ықпал ететін дәстүрлі құндылықтарды қолдауға бейім. Құндылықтарды қабылдаудың бұлай бөлінуі әлеуметтік бірегейліктің бұзылуына және ұрпақаралық қарама-қайшылықтарға апарып соқтыруы мүмкін. Ұрпақтар арасындағы бірлікті сақтап қалу үшін білім беру арқылы және олардың өзара іс-әрекеттері арқылы құндылықтарды теңдестірудің маңызы зор.

Қазақстанға өзінің ұлттық бірегейлігін қалыптастыру үшін негізгі құндылықтарды әртүрлі топтарға қарай бейімдей отырып, тәрбие процесіне енгізу қажет. Білім беру жүйесінің аясында жобалық оқытуды, іскерлік ойындарды және тақырыптық апталарды қоса отырып, терминалды құндылықтарды да, инструменталды құндылықтарды да ескерген жөн. Сондай-ақ тәрбие берудегі отбасы рөлі де өте жоғары, сол себепті түрлі тренингтер мен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру арқылы ата-аналардың белсенділігін қолдау қажет. Әртүрлі елдердің құндылықтары арасындағы алшақтықты жою үшін барлық жастағы адамдарды қамтитын үздіксіз тәрбиелеу ісін қолға алу керек. Мәдениет туындылары, ақпарат

құралдары және спорт саласы құндылықтарды насихаттап, оларды қоғамға кеңінен таратуы қажет.

Құндылықтарды білім беру мен әлеуметтік тәжірибеге енгізу Қазақстанға, қоғамға, отбасы мен жеке тұлғаға орасан зор пайдасын тигізеді. Қазақстан үшін ол ұлттың тұрақты дамуын, түрлі этникалық және әлеуметтік топтардың тұтастығын, азаматтық бірегейлік пен ұлттық бірлікті нығайтуды қамтамасыз етеді. Қоғам әлеуметтік-экономикалық процестерге белсенді қатысып, шешімдер қабылдай алатын, барынша жауапты әрі моральдық жағынан жетілген азаматтарды алады, бұл өз кезегінде үйлесім мен прогреске әсер етеді. Отбасы балаларды демократия, бір-біріне қол үшін созу және ұжымдық жауапкершілік рухында тәрбиелеудің берік іргетасын қалауға мүмкіндік береді. Тұлғалар болса, терең моральдық бағдарларды, эмпатия, адалдық және еңбекқорлық тәрізді жеке бас қасиеттерінің өзгерістерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл оның қоғамда табысты дамуы мен мансапта өсуін, сондай-ақ ішкі үйлесімі мен өзін-өзі дамытуға деген даярлығын қамтамасыз етеді.

Бұл зерттеу әртүрлі әлеуметтік, мәдени факторлардың құндылықтарды қабылдауға қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі және аталған құндылықтарды білім беру жүйесін пайдаланып, ұрпақаралық байланысты дамыту, отбасы дәстүрлерін қолдау және бірыңғай тәрбие ортасын құру арқылы ілгерілету жолын қарастырады. Сонымен бірге зерттеу дәстүрлі ұстанымдарды заманауи тәсілдер арқылы іске асыру жолдарын да ескереді. Бұл Қазақстанның демократиялық және тұрақты мемлекет ретінде ұзақмерзімді дамуы үшін шешуге мәнге ие.

1-ҚОСЫМША

ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫНА ЕНГІЗУ

Рухани	Әлеуметтік	Моральдық	Мәдени
Ағылшын тілі Әдебиет, соның ішінде адам-ның тәжірибесін және өмір мен өлімге деген көзқарасын зерттейтін әңгімелер мен поэзия. Ішкі зейінді дамыту үшін драмада және басқа пәндер-де тыныштық пен қиялды пайдалану. Сезімдер мен эмоциялар-ды ауызша және жазбаша қарым-қатынас арқылы біл-діру, сөздердің сезімге әсер етуі мүмкін екенін түсіну.	Ағылшын тілі Шеңбер форматындағы қарым-қатынас дағдылары: сөйлеу және тыңдау. Ойын арқылы әлеуметтік өзара байланыс жасау. Драмадағы топтық жұ-мыс, әдебиеттегі әлеу-меттік мәселелерді оқу және талқылау.	Ағылшын тілі Дұрыс пен бұрыс ұғымдарын талқылау – балалар әдебиетін-дегі моральдық мәселелер. Пікірталастарда тыңдау және бағалау пайымдарын қалып-тастыру дағдыларын дамыту. Шеңбер форматында мінез-құллық пен қарым-қатынасты талқылау. Моральдық мәселелерді көте-ретін жағдайларды сахналау.	Ағылшын тілі Басқа халықтардың әңгімелері мен әдебиеттерін зерттеу. Әдебиеттегі стереотиптер мен тең мүмкіндіктер се-кілді мәселелерді түсіну. Әртүрлі мәдениеттердің тілі мен ондағы сөздердің мағынасын зерттеу.
Математика Сандар әлеміне, оның ішінде шексіздік идеясына сүйсіну және таңдану. Заңдылықтар, тәртіп, сон-дай-ақ құпия мен кеңістік сезімі туралы ойлану. Сандар, пішіндер мен объек-тілердің өзара байланысын, олардың өзара байланысу мүмкіндігін зерттеу.	Математика Әлеуметтік өзара байла-ныс жасауға, өз кезегін күтуге және бөлісуге арналған математикалық ойындар. Ақпарат жинау және мәселелерді шешу үшін жұптар мен топтарда жұмыс істеу. Математикалық дағды-ларды түсіну.	Математика Сабақта және үй тапсырмасын орындау кезінде оқуға деген жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Адал болуға ынталандыру, алдауға жол бермеу. Деректермен және статистика-мен жұмыс істеуді түсіну.	Математика Ислам өрнектерін, ранго-ли өрнектерін жасау және рим цифрларын қолдану. Басқа мәдениеттерге сілтемелерді қамтитын материалдар мен мысал-дарды мұқият таңдау. Басқа тілде есептеу.
Жаратылыстану ғылымдары Ғалам мен өмірді рухани тұр-ғыдан түсіндіретін ғылыми байланыстар. Мектеп аумағын адамдар мен қоршаған орта арасын-дағы қарым-қатынас туралы ойлану үшін пайдалану. Табиғат құпиясы, физикалық құндылық, өмірлік циклдар және өсу туралы ойлану. Физикалық «менін» таңғажа-йып нәрсе дер түсіну.	Жаратылыстану ғылымдары Топтық зерттеулер, дағдылар мен тәжірибе алмасу. Ғылым қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуді қажет ететін бірлескен қызмет ретінде. Ғылымның әлеуметтік проблемалармен, мысал-ға алкогольді асыра пай-даланумен байланысы.	Жаратылыстану ғылымдары Эксперименттер мен зерттеу-лердің адамға тигізетін салда-ры туралы ойлану. Тіршілік иелеріне қамқорлық таныту. Генетикалық инженерия тәрізді ғылыми жаңалықтар мен прог-рестен туындайтын мәселе-лерді талқылау.	Жаратылыстану ғылымдары Адамдар топтары ара-сындағы айырмашылық-тар мен ұқсастықтар. Әлемнің жаратылуы туралы қазіргі ғылыми көзқарастар мен әртүрлі мәдениеттерден алынған мифтерді салыстыру. Басқа мәдениеттер тұрғысындағы ғылыми даму, мысалы, сумен қамтамасыз ету, гүлдер мен дақылдардың жаңа сұрыптарын өсіру.
Технология және дизайн Адам әлеуеті мен жетістікте-рінің маңыздылығын сезіну. Діни мерекелерге арналған ашық хаттар жасау. Қасиетті кітаптар мен басқа да артефактілерді/ар-найы заттарды жасау, физикалық құрылымдардан ләззат алу.	Технология және дизайн Бірлесе жобалау. Технологияларды басқа-лардың игілігі үшін, мы-салы, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін пайдалану.	Технология және дизайн Практикалық сабақтар бары-сында басқалармен ынтымақ-тасуға үйрету. Технологияны пайдалы және жасампаз, бірақ бүлдіру күшіне де ие деп түсіну.	Технология және дизайн Кейбір мәдениеттердегі қарапайым технология-ның тиімділігі. Әртүрлі елдердің құ-ралдары, мысалы, ас үй ыдыстары. Әртүрлі климатқа арнал-ған дизайн, мысалы, күн-нен қорғайтын шляпалар.

1-ҚОСЫМША

Рухани	Әлеуметтік	Моральдық	Мәдени
Ақпараттық технологиялар Интернет арқылы дүние жүзіндегі адамдармен байланысу. Өлеңдер мен картиналарды жасау үшін бағдарламаларды пайдалану. Дербестік пен еркіндікті дамыту.	Ақпараттық технологиялар Басқалармен ынтымақ-тастықта жұмыс істеу. Әлеуметтік мәселелер туралы хабардарлықты арттыру үшін деректер-ді өңдеу дағдыларын пайдалану.	Ақпараттық технологиялар Дербестікті, адалдық пен се-німділік сезімін дамыту. Моральдық мәселелерді, мы-салы, ақпараттың сенімділігін, порнография проблемаларын талқылау.	Ақпараттық технологиялар CD дискілерін және басқа көздерді пайдаланып мәдениеттер туралы ақпаратты іздеу. Интернет арқылы басқа мәдениеттердегі бала-лармен тікелей байланыс орнату.
Тарих Өзгеру, даму және жаңғыру идеялары. Дәстүрлердің қоғамдастық үшін маңыздылығын түсіну. Уақытты сезіну және ондағы өз орнын түсіну.	Тарих Әлеуметтік құрылымдар-ды, оның ішінде, ауру-ханаларды, хоспистерді, жұмыс үйлері секілді мекемелерді зерттеу.	Тарих Жергілікті, ұлттық және әлемдік проблемаларды түсіну. Соғыс және бейбітшілік сияқты мәселелер бойынша идеялар-мен танысу және моральдық ұстаным туралы ойлану.	Тарих Басқа мәдениеттердің даму тарихы. Діни көсемер туралы әңгімелер және олардың мәдениеттерге (оң және теріс) әсері.
География Заттардың шығу тегін түсіну және Жердің әртүрлілігі мен реттілігіне таңдану. Өзін-өзі тануды және басқа мәдениеттермен, қоршаған ортамен қарым-қатынасты дамыту. Табиғи нысандарды, мыса-лы, көлдерді, ормандарды құрметтеу.	География Әртүрлі үйлер, қоғамдас-тықтар және отбасылық топтар туралы түсіну үшін жергілікті мүмкіндіктерді зерттеу. Жергілікті қолайлылық: олар кімге арналған? Адамның ландшафтқа/жергілікті экономикаға әсері.	География Қоршаған ортаға қамқорлық таныту үшін моральдық жауап-кершілікті қалыптастыру. Адамды пайдалануды, мыса-лы, дамушы елдердегі балалар еңбегі, байлық арасындағы кедейлік ұғымын түсіну.	География Әртүрлі елдердегі адам-дардың, әсіресе бала-лардың өмірін зерттеу және өз мәдениетімен салыстыру. Күнделікті өмірдің әр-түрлі стильдері тура-лы білім мен түсінікті қалыптастыру.
Өнер Өнердегі сұлулық идеясы. Түсті, пішінді және текстура-ны құрметтеу. Витраждарда көрсетілген діни және рухани идеялар. Өнер сезімдерді, қиялды және шығармашылық тұрғы-дан ойлануды білдіру тәсілі ретінде.	Өнер Өнер адамдар мен қо-ғамды зерттеу құралы ретінде. Топтық коллаждар.	Өнер Моральдық көзқарастар-ды бейнелейтін суреттерді түсіндіру.	Өнер Африка өнері сияқты әртүрлі мәдениеттерден алынған суреттер. Әртүрлі мәдениеттердің өнерімен танысу үшін галереялар мен көрме-лерге бару.
Музыка Аспаптарды қолданып бірге әндету, ән айту және әнұран айту арқылы музыка жасау. Арнайы таңдалған шығарма-ларды тыңдау және олардың шығу себептерін зерттеу, мысалы, Hallelujah хорын.	Музыка Көпшілік алдында сөз сөйлеп үйрену. Бірлесіп жұмыс істеу және ортақ ресурстарды пайдалану. Топ болып ән айту және музыка жазу.	Музыка Музыканы бағалай білу және басқалардың идеялары мен пікірлерін құрметтеу. Композиторлардың өмірі мен тәжірибесін зерттеу.	Музыка Әртүрлі мәдениеттердегі, мысалы, калипсо стилін-дегі музыка. Басқа мәдениеттердің аспаптарын шертіп көру және тыңдау.

Рухани	Әлеуметтік	Моральдық	Мәдени
Діни білім Діни ойларды, гуманистік идеяларды және ғибадат сияқты рухани тәжірибелерді білу. Басқа дәстүрлердің өкілдерімен кездесулер. Қорқыныш, таңдану және трансценденттікті сезінуге мүмкіндік беру.	Діни білім Діни нанымдар мен әлеуметтік топтар шеңберіндегі отбасы мен дәстүрлердің маңыздылығын зерттеу және түсіну. Гуманизм мен діндердегі қоғамдастық идеяларын зерттеу. Қайырымдылық ұйымдарын және әлеуметтік қамқорлық пен жауапкершіліктің басқа түрлерін зерттеу.	Діни білім Әлемдік діндердің моральдық мазмұндағы әңгімелері. Діни дәстүрлердегі дұрыс және бұрыс мінез-құлық идеялары. Діни және басқа қауымдастықтардағы жеке және ұжымдық жауапкершілік.	Діни білім Мәдени дәстүрдің бір бөлігі ретінде әртүрлі діндерді зерттеу. Әртүрлі конфессиялар мен мәдениеттердегі адамдармен кездесу, ғибадат орындарына бару. Діни және гуманистік идеялардың әртүрлі мәдениеттерде тамақтан, киімнен, мерекелерден қалай көрінетінін зерттеу.
Дене тәрбиесі Денені, оның сұлулығы мен әлеуетін белсенділік пен бақылау арқылы рухани тұрғыдан түсіну. Қолдан келгеннің бәрін жасауға, ішкі әлеуетіңіз бен күшіңізді түсінуге және ашуға деген ішкі шешімділікті дамыту.	Дене тәрбиесі Дәстүрлі және креативті билерге қатысу, гимнастикадағы жұптық және топтық жұмыс. Командалық ойындардан ләззат алу, ынтымақтас-тықты көрсету, басқаларға және олардың қажеттіліктеріне құрмет көрсету.	Дене тәрбиесі Командалық ойындарға қатысу және ережелерді сақтау. Басқалардың қажеттіліктерін, әсіресе физикалық қажеттіліктерін түсіну. Қолдауға, жетістіктерді атап өтуге және ойыннан кейін бір-бірінің қолын қысуға ынталандыру.	Дене тәрбиесі Би мәдениеттің көрінісі ретінде, мысалы, үнді халық билері.
Шетел тілдері Басқа тілдің әдемілігін түсіну. Ойыңды біраз басқаша жеткізу үшін басқа тілді қолдану.	Шетел тілдері Өмір салты мен көзқарастарды салыстыру. Тілді қолдану, әлеуметтік мінез-құлық және проблемалар тұрғысынан мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тану. Басқа тілде сөйлейтіндермен тікелей сөйлесу мүмкіндігі.	Шетел тілдері Басқа елдерден келген моральдық мазмұндағы әңгімелер. Әртүрлі елдерде болып жатқан оқиғалар және адамдардың оларға реакциясы. Әртүрлі елдерде басқаша өмір сүріп жатқан адамдар туралы хабардар болу және оларды түсіну.	Шетел тілдері Мәдени дәстүрдің бір бөлшегі ретінде олардың тамақтары мен тамақтану әдеттерін, әдебиетін, бос уақыттарын қалай өткізетінін, сән үлгісі мен өмір салтын зерттеу. Әртүрлі елдердегі мектептер мен оқу барысына қатысты көзқарастарды салыстыру.

1-ҚОСЫМША

2-ҚОСЫМША

ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ, ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ, ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН, ОҚУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ОҚУ МАЗМҰНЫН СЫНДАРЛЫ ҮЙЛЕСТІРУ

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)

Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)

Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)

Тәуелсіздік пен патриотизм:

- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз елін жақсы көру.

«Адам және қоғам»

- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін БІЛЕДІ.

«Дүниетану» пәні3.5 тарау. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттік және патриотизм1.3.5.1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін басқа елдердің рәміздерінен ажырата білу;2.3.5.1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мағынасын түсіндіру;2.3.5.2 бақылаулар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу аясын анықтау.

Оқулықтағы көрінісі

13 Мемлекеттік рәміздер

Тірек сөздер
рәміз
Ту
Елтаңба
Гимн

Сабақта:

- мемлекеттік рәміздердің маңызын түсінесің;
- қолдану тәртібін анықтайсың.

Қазақстан туын көрсет. Оны қандай белгілеріне қарап таныдың?

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныс.

Мемлекеттік Ту Мемлекеттік Елтаңба Мемлекеттік Гимн

Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Мемлекетіміздің өз жері, Конституциясы мен мемлекеттік рәміздері бар. Олар – Ту, Елтаңба, Гимн. Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің белгісі. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Отанымызды қорғау, рәміздерді құрметтеу – Қазақстанның әрбір азаматының міндеті. Мемлекеттік рәміздерге не жатады?

36

«Дүниетану» оқулығы, 1 сынып, НЗМ

39

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)		Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі
• Тәуелсіздік пен Патриотизм мәдени мұраны насихаттау – Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және танымал ету жөніндегі жобаларға қатысу.		«Жаратылыстану» Қазақстан Республикасының табиғатындағы ерекшеліктерді; Қазақстан аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін; табиғатты қорғау және тұрақты дамыту шараларын БІЛЕДІ; Пайдалы қазбалар мен табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығын; жарамдылық және пайдалану дәрежесін БАҒАЛАЙДЫ.	«География» пәні 7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту арқылы табиғи ресурстарды игеруге байланысты проблемаларды талдайды және оларды шешу жолдарын ұсынады; 9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді; 9.6.1.5 түрлі мақсатты аудиториялар үшін Қазақстан Республикасы туралы елтану ақпаратын дайындайды.	35 Мои географические достижения Цель урока: - оценить природное наследие Казахстана. Прочитайте статью и определите преимущества вхождения объектов Казахстана в список Всемирного наследия ЮНЕСКО. В области охраны окружающей среды свою деятельность осуществляет ЮНЕСКО, которая формирует Список объектов Всемирного наследия и берет их под особую охрану. Казахстан является участником ЮНЕСКО. Всемирное наследие – природные или созданные человеком объекты, приоритетными задачами по отношению к которым являются их сохранение и популяризация в силу особой культурной, исторической или экологической значимости. Под природным наследием понимаются: природные памятники, имеющие выдающуюся универсальную ценность с точки зрения эстетики или науки; геологические и физиографические образования – ареал подвергавшихся угрозе животных и растений, имеющих выдающуюся универсальную ценность с точки зрения науки или сохранения; природные достопримечательные места, имеющие выдающуюся универсальную ценность с точки зрения науки, сохранения или природной красоты. Ежегодно начиная с 1975 года Комитет Всемирного наследия признаёт статус Объекта Всемирного наследия некоторым творениям природы и человека. Условия вхождения объектов в список Всемирного природного наследия ЮНЕСКО. Каждая страна выдвигает предварительный список. В нём есть объекты, являющиеся приоритетными. Страна подаёт номинационное досье в ЮНЕСКО, в Центр Всемирного наследия. Центр проверяет его на соответствие критериям отбора. Затем это досье направляется на оценку в ИКОМОС – международную организацию по охране памятников и достопримечательных мест. Этот консультативный орган ЮНЕСКО рассматривает само досье как исходный материал, направляет эксперта для оценки объектов на месте. В Казахстане такой список тоже существует.

«География» оқулығы, 8 сынып, Алматыкітап

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)		Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі
Бірлік пен ынтымақтастық: - мұқият болу және басқаларға көмек көрсету; - бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш-жігерді ынталандыру.		«Адам және қоғам» қоршаған әлемге бейімделудегі өзінің және қоғамның тәжірибесін; әдеп қағидаларын; отбасы мен ұжымда жағымды, достық қарым-қатынасты сақтауға қажетті қарым-қатынас ережелерін ҚОЛДАНАДЫ	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі
Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)		«Адам және қоғам» қоршаған әлемге бейімделудегі өзінің және қоғамның тәжірибесін; әдеп қағидаларын; отбасы мен ұжымда жағымды, достық қарым-қатынасты сақтауға қажетті қарым-қатынас ережелерін ҚОЛДАНАДЫ	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі

7

Моя семья и друзья

Друзья

Ты научишься понимать значение слов и простых фраз в тексте, отвечать на вопросы по содержанию; узнаешь о роли ударения в словах.

1. Составь из букв слово. Придумай с ним предложение.

У Ж Б А Р

2. Послушайте стихотворение. Ответьте на вопросы.

Яблоко

Вышел с яблоком к друзьям,
Мне не жаль ни сколько.
Яблоко разрезал я
На четыре дольки*.
Дружно яблоко жуём,
Трое в восхищении:
– Это яблоко твоё –
Пробсто объедем! **

Ж. Бодешев

- Что сделал мальчик?
- Сколько друзей было у мальчика?
- Вставьте нужное слово.

ЭТОТ мальчик – ... друг.

друзья – достар
друг – дос
подруга – құрбы

хороший умный честный

3. Поинтересуйтесь с секретами дружбы. Назовите, какими должны быть друзья.

Друзья должны помогать друг другу.
Друзья должны быть честными.

помогать – көмектесу
честный – адал

*Дольки – части
**Обедим – очень вкусно

18

Орыс тілі, 2 сынып, Алматыкітап

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)		Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі
Әділдік пен жауапкершілік: - басқаларға мұқияттылық таныту және көмек көрсету; - бір-біріне тапсырмаларды орындауға және проблемаларды шешуге көмектесу.		«Тіл және әдебиет» Өз міндеттерін БІЛЕДІ және оларды жауапкершілікпен орындайды; «Дене шынықтыру» Бірыңғай мақсаттарға қол жеткізудегі ынтымақтастық пен адал бәсекелестік жағдайларын; МЖБС-НЫҢ АКАДЕМИЯ-ЛЫҚ АДАЛДЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ НОРМАЛАРЫН ТАЛДАЙДЫ.	Пәнаралық тақырыптар: Не жақсы, не жаман? Дүниежүзі тарихы Суретшілер мен жазушылардың көзімен: XIX ғасырдағы өзгерістерді шолу. XIX ғасырдағы өнер және оның бағыттары. Әдебиет пен өнер. Әлеуметтік әділетсіздіктің өнердегі көрінісі (Э. Золя, А. Радищев, А. Құнанбаев, Ч. Диккенс, Ф.М. Достоевский).	Оқулықтағы көрінісі
Заң мен тәртіп: өз құқықтары мен міндеттерін білу, сыныптағы және мектептегі этикалық нормаларды, мінез-құлық ережелерін сақтау.				

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)		Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі
Заң мен тәртіп: өз құқықтары мен міндеттерін білу, сыныптағы және мектептегі этикалық нормаларды, мінез-құлық ережелерін сақтау.		«Адам және қоғам» Оқушының құқықтары мен міндеттерін БІЛЕДІ.	«Дүниетану» пәні 1.5 тарау. Құқықтары мен міндеттері 2.1.5.1 өз өмірінен мысал келтіре отырып, құқық, міндет және жауапкершілік ұғымдарының аражігін ажыратып беру.	Оқулықтағы көрінісі
Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)				

Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)

Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)

Оқулықтағы көрінісі

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)

Заң мен тәртіп

- құқықтық сауат
- құқықтық жауапкершілік
- этика және академиялық адалдық
- өзін-өзі басқару және тәртіп.

«Адам және қоғам»

Іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтарды: адам құқықтарын, демократияны, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті, заңдылық пен құқықтық тәртіпті БІЛЕДІ; Нақты құқықтық қатынастардың қатысушысы ретіндегі азаматтың құқықтарының, міндеттері мен жауапкершілігінің мазмұнын ТҮСІНЕДІ;

Кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайы мен заң алдындағы жауапкершілігінің ерекшеліктерін ТАЛДАЙДЫ.

«Құқық негіздері» пәні

9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбек етуіне қатысты құқықтық нормаларды талдау;

9.5.3.2 құқықтық актілерге сүйене отырып, балалардың қоғамдағы және отбасындағы құқықтарын талдау.

ИТОГОВЫЕ ЗАДАНИЯ И ВОПРОСЫ К РАЗДЕЛУ «ЧЕЛОВЕК В ЭПОХУ ТОТАЛИТАРНОГО РЕЖИМА»

1. Дайте общую характеристику общественно-политического развития страны в 30-е гг. Какое отражение эта эпоха нашла в литературе и других видах искусства?
2. Что роднит и что отличает пронацистские, научные и расовые «Человек в эпоху тоталитарного режима»?
3. Запишите в бортовой журнал информацию по разделу «Человек в эпоху тоталитарного режима».

Что я узнал	Что я узнал, изучив раздел «Человек в эпоху тоталитарного режима»
-------------	---

4. Охарактеризуйте на примере творчества Е. Замiatина, А. Ахматовой, А. Рыбакова сложность творческих поисков и писательских судеб.
5. Почему в этот период по-новому осмысливается тема истории?
6. Изучите ли романы Е. Замiatина и А. Рыбакова современному читателю?
7. Рассмотрите картину художника К. Петрова-Водкина «Тревога» (1934) (с. 96). Хотя автор создавал картину об эпохе Гражданской войны, он так раскрывал истинный смысл своей «Тревоги»: «Но мне хотелось сказать сюжет не местным, а сделать более широко, перелить тревогу исторического масштаба, масштаба больших переизменений...». Докажите, что этот замысел художнику удался.

Творческая работа

Классический учебный, литературовед, переводчик и правозащитник А. Жолтис писал:

Жертва трагической нашей эпохи,
Божинно расстрелянным,
Тайно зарытым
Здесь памятник будет поставлен.

Какие памятники жертвам репрессий вы знаете? Какой памятник вы бы поставили жертвам эпохи тоталитаризма? Предложите свой вариант.

Исследовательская работа

В годы сталинских репрессий жены С. Сейфуллина, В. Маймина, Т. Раскулова, С. Кожанова, Т. Журбенкова, Н. Нурмакова, С. Асфендиярова и других репрессированных деятелей казахской культуры были ушницями Ассаминского лагеря жен заключенных родины (АЛЖИР).

Подготовьте коллективный исследовательский проект на тему «Судьбы женщин и детей АЛЖИРа».

А.Л. Жолтис
(1923–1999)

Мемориал на месте Ассаминского лагеря жен заключенных родины

Орыс әдебиеті, 11 сынып, Қоғамдық-гуманитарлық бағыт, Алматыкітап

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)		Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі	
Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік: әр мамандықтың, өзге адамдардың еңбегінің ерекшеліктерін білу және құрметтеу.		«Жаратылыстану» Өзгелердің еңбегін бағалайды және құрметтейді; «Адам және қоғам» «Еңбек», «шығармашылық» ұғымдарының мазмұнын және олардың маңызын ТҮСІНЕДІ.	Пәнаралық тақырыптар - Табиғат әлемі - Мамандық таңдау - Мамандық және еңбек - Қолөнер және еңбек - Болашақ мамандықтар - Мамандықтар – бақыт нұры - Еңбек – өмірдің бұлағы - Болашақтың мамандықтары «...Кетігін тап та бар, қалан!» (менің отбасым, әр мамандықтың міндеттері, жолдама, өтініш ...). Дүниетану 4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби меркелердің тарихын көркем түрде таныстыру. «Еңбекке баулу» және «Көркем еңбек» пәндерінің мазмұны	Мир природы На ферме 61 Ты научишься формулировать вопросы и отвечать на них, подбирать признаки к предметам по материалу; вспомнишь, как правильно писать предлоги со словами. 1. Рассмотрю картинку. Расскажи, что ты на них видишь. Ответь на вопросы. - Где летом пасутся домашние животные? - Чем они питаются? - Чем фермер кормит их зимой? 2. Прочитай текст. Кого выращают фермеры на ферме? На ферме выращивают уток и утят, кур и цыплят. Фермеры дают им пшено, зерно, траву, воду. Утки с утятами плавают на озере. Куры с цыплятами ходят по траве.  Сформулируй два вопроса со словами кто? что? Задай их одноклассникам. Проверь их ответы по тексту. - Выпиши выделенные слова-действия. На какой вопрос они отвечают? 138	

Орыс тілі, 2 сынып, Алматыкітап

Құндылық және негізгі құзыреттілік (МЖБС)	Білім беру саласы бойынша оқыту нәтижелері (МЖБС)	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі
Жасампаздық және жаңашылдық: жаңа идеяларды қалыптастыру, проблемалардың стандартты емес шешімдерін көру және оларды тәжірибеде қолдана білу дағдысы	«Білім берудің барлық салалары» «Синтездеу» етістігімен қолданылатын барлық күтілетін нәтижелер. Мысалы: (Адам және қоғам) кеңістіктегі (орын), уақыттағы (хронологиядағы), әлеуметтік ортадағы (қоғамдағы) бағдарлаудың өзіндік шешімдерін СИНТЕЗДЕЙДІ; (Технология және өнер) шығармашылық жұмыстарды жасауға арналған әдістер мен техникаларды, материалдардың қасиеттері мен мүмкіндіктерін СИНТЕЗДЕЙДІ; өз қиялын жүзеге асыру жолдарын ұсынады; өз ойын анық, сенімді түрде жеткізеді және басқаларды тыңдай алады.	Оқу мақсаты / тақырыбы (ТОБ)	Оқулықтағы көрінісі
		«Еңбекке баулу», «Көркем еңбек», «Информатика», География пәндерінің мазмұны 9.5.2.3 Қазақстанда адами капиталдың сапасын арттыруға қатысты шешімдерді әзірлейді; 9.5.2.6 Қазақстан өңірлерінің инфрақұрылымын талдау негізінде онымен байланысты проблемаларды шешу жолдарын ұсынады; 9.6.1.5 түрлі мақсаттағы аудиторияларға арнап Қазақстан Республикасы туралы елтану ақпаратын дайындайды.	Мои географические достижения 64 1. Выполните одну групповую работу (по выбору). 1. «Международная торговля, движение капитала, финансовые отношения» В качестве советника директора фирмы разработайте аргументированные рекомендации, подкрепленные фактами из международного опыта, для принятия директором управленческих решений. - Казахстанская фирма по производству металлоконструкций испытывает определенные финансовые трудности для расширения своего производства. У нее есть выбор – взять кредит у зарубежного банка или привлечь инвестора. Какой вариант предпочтете вы? Приведите аргументы в пользу верности вашего решения. Уточните преимущества и недостатки каждого решения. Можно ли разработать комбинированное решение? При разработке ответа можно попросить помочь старших людей и обязательно при ответе в классе упомянуть их вклад в составление ответа. - Казахстанская фирма по производству металлоконструкций, учитывая, что спрос на ее продукцию в своем регионе на определенное время удовлетворен, испытывает трудности по их продаже. Разработайте для нее план продаж, в котором были бы указаны другие страны, имеющие потребность в металлоконструкциях. Почему они испытывают потребность? У кого они еще могут купить? Уточните место внутри страны или за рубежом, где казахстанская фирма может заявить о том, что у нее есть в наличии товар и что она готова его продавать. И может продать. Нужно ли в это место везти товар, чтобы показать его, или же можно ограничиться другими условиями? - Как казахстанскому производителю металлоконструкций можно узнать цену, по которой продают свой товар другие фирмы в разных странах? - Казахстанская фирма почти продала свой товар зарубежному покупателю, но не знает, в какой валюте он с ней будет рассчитываться, каким способом и когда прибудут деньги за товар. Какая коммерческая организация сможет ответить на все эти вопросы и, более того, сама предложит все необходимые услуги по взаиморасчетам? - Если казахстанская фирма нашла постоянного покупателя на свою продукцию и покупатель готов покупать больше, чем произ-

Қазақстан географиясы, 9 сынып, Алматыкітап

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ



Қаратабанов Руслан Әділханұлы – білім берудің мазмұнын жасау саласының сарапшысы, білім беру бағдарламаларының, оқу бағдарламалары мен оқулықтардың, монографиялардың авторы. Алматы мемлекеттік университеті мен Еуразия ұлттық университетін (магистратура және докторантура) тәмамдаған. 2023 жылдан бері – Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті, білім берудің, оның ішінде құндылыққа бағдарлап оқытудың мазмұнын жасау мәселелерін үйлестіреді. Бұрындары AC Education LLP бизнесті дамыту жөніндегі директоры, Есіл университеті ректорының кеңесшісі және EdCrunch Academy академиялық директоры болып қызмет атқарған. География, білім беру, этносаралық қатынастар және туризм салалары бойынша мақалалардың авторы. Білім беру жобаларымен және оқулықтармен жұмыс істеуден тәжірибесі бар.

ЖАЗУ ҮШІН

ЖАЗУ ҮШІН